

Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру және тіркеудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 352 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрінде 2011 жылы 31 қаңтарда № 6758 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 қарашадағы № 631 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.11.28 № 631 (5-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы», 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1235 және 2009 жылғы 27 тамыздағы № 1260 «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандырудың кейбір мәселелері туралы» қаулыларын орындау үшін, Қазақстан Республикасы азаматтарын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша әділет органдарының қызметін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру және ресімдеу жөніндегі Н ұ с қ а у л ы қ б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының тіркелген және тіркеу есебінен шыққан азаматтарын есепке алу Ережесі б е к і т і л с і н .

3. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің т ө р а ғ а с ы н а ж ү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Р. Түсіпбеков

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Ішкі Істер министрі

С. Баймағанбетов

«__» _____ 201_ ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Жауапты хатшысы
Р. Жошыбаев

«__» _____ 201_ ж.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2010 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 352 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру және ресімдеу жөніндегі Нұсқаулық

1. Жеке басты куәландыратын құжаттарды беру

1. Әділет органдары Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке басын куәландыратын мынадай құжаттар береді:
Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар иесінің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде, ал Қазақстан Республикасы азаматының паспорты сонымен қатар ағылшын тілінде толтырылады. Паспортта ұлты туралы жазба азаматтың қалауы бойынша көрсетіледі.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты олардың қалауы бойынша жасына қарамастан жарамдылығы он жыл мерзімге беріледі. Азаматтың өтініш жасау орны бойынша паспорттың жарамдылық мерзімін облыстық, Астана және Алматы қалаларының Әділет департаменттері (бұдан әрі - Әділет департаменттері) паспорттың бос бетіне тиісті жазбасы бар 1-қосымшадағы нысанға сәйкес мөртаңба қою арқылы азаматтың өтініш жасау орны бойынша тағы бір жылға ұзартады, ол паспортты елтаңбалы мөрмен бекітіледі және Әділет департаментінің халықты құжаттандыру және тіркеу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен куәландырылады. Қазақстан Республикасының елден шалғай жерлерде тұрып жатқан азаматтарына ҚР азаматы паспортының жарамдылық мерзімін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері ұзартады.

3. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі азаматтарға 16 жастан бастап беріледі және Республика аумағында жарамды.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі қолдану мерзімі он жылға беріледі.

4. Қазақстан Республикасы азаматтары жеке куәлік жоғалған жағдайда, оның одан әрі пайдалану үшін жарамсыздығына байланысты және жеке басын куәландыратын құжаттары жоқтарға, олардың өтініші бойынша жеке басын куәландыратын жаңа құжаттар алғанға дейін жарамдылық мерзімі 3 айға дейінгі уақытқа 2-қосымшадағы нысанға сәйкес уақытша жеке куәлік беріледі.

Уақытша жеке куәлік халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерінің қолымен түсінікті етіп, азаматтың қалауы бойынша - мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылады. Уақытша жеке куәлікке азамат туралы мынадай мәліметтер енгізіледі: тегі, аты, әкесінің аты, туған жері және күні, ұлты, тұрғылықты жерінің мекенжайы, берген орган және берілген кезі, қолданылу мерзімі, азаматтың қолы.

"Туған жері" деген бағанда облысы (қаласы), Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туғандар үшін - елі, ал "тұрғылықты жері" деген бағанда облысы, ауданы және елді мекені көрсетіледі.

"Туған күні", "берілген күні", "дейін жарамды" деген бағандарда күні, айы, жылы араб цифрларымен көрсетіледі. Уақытша жеке куәлік беру халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімі бастығының қолымен және паспортты елтаңбалы мөрмен расталады.

"Берген орган" деген бағанда тиісінше құжатты берген әділет органының бөлімшесі көрсетіледі.

Уақытша жеке куәлікке көлемі 3,5 x 4,5 сантиметр (бұдан әрі - см) иесінің фотосуреті жапсырылады, ол әділет органының елтаңбалы мөрімен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтарына берілген уақытша куәлік 3-қосымшадағы нысанға сәйкес уақытша жеке куәліктерді есепке алу журналында тіркеледі.

Уақытша жеке куәлік Қазақстан Республикасының аумағында жарамды және қысқа уақытқа қолданылатын құжат болып табылады.

5. Жеке басты куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ уақытша жеке куәліктер берген үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (бұдан әрі - Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген мөлшерде мемлекеттік баж алынады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды дайындау үшін формулярларды ресімдеу.

6. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және жеке куәлігін дайындау үшін халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкері 4-

қосымшадағы нысанға сәйкес формуляр толтырылады. Бұл ретте азаматтың оны тұлғасымен сәйкестендіру және қолын қою үшін жеке өзінің болуы міндетті.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтарға формуляр олардың тұрақты тіркелген жері бойынша Қазақстан Республикасы әділет органдарының халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімшелерінде т о л т ы р ы л а д ы .

Формуляр мынадай жағдайда толтырылады:

Бас бостандығынан айрылған орындарда жазасын өтеп жатқан тұлғаларға және тергеу қамауындағыларға;

Мүгедектер, әрекетке қабілетсіздер және сырқат адамдарға; 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын ауыстыруға және олардың жоғалуы бойынша қалпына келтіруге өтініш білдірген азаматтарға, сондай-ақ туу туралы куәліктің негізінде Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар алуға алғаш рет өтініш білдіргендерге;

«Халықты құжаттандыру және тіркеу» Тіркеу орны» жоқ болған жағдайда (б ұ д а н ә р і - Х Қ Т Т О) ;

ХҚТ ТО байланысында іркіліс немесе оның құрылғылары сынып қалған ж а ғ д а й ы н д а .

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы Қазақстан Республикасының мына азаматтарына формулярлар:

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрып жатқандарға; шет мемлекеттердің аумағында орналасқан оқу орындарында күндізгі оқу нысанында білім алушыларға;

шет мемлекеттерде кемінде бір жыл мерзімге жасалған еңбек шарты бойынша бойынша жұмыс істеп жатқандарға;

көрсетілген адамдардың олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне; шетелде дипломатиялық қызметтің персоналымен бірге тұратын және Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дипломатиялық қызметтің персоналымен бірге тұратын және Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дипломатиялық немесе қызметтік паспортты алуға құқығы жоқ дипломатиялық қызмет персоналының туысқандарына толтырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар жоғалған, жарамсыз болған, қолдану мерзімі біткен кезде формулярларды толтыру және дайын құжаттарды беру, сондай-ақ паспорттың жарамдылық мерзімін ұзартуды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (б ұ д а н ә р і - Қ Р Ә М Т Қ ж Қ К К К) :

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын және уақытша оның а у м а ғ ы н д а т ұ р а т ы н ;

қызметтік міндеттерін орындау тұрақты тіркеу орнынан тыс ұзақ уақытқа

байланысты болған азаматтарға жүргізеді.

Жеке басын тексеру және Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын анықтауға қосымша тексеруді қажет ететін және мынадай себептермен келген: 1974 жылғы үлгідегі (КСРО) паспортты ауыстыру немесе оны жоғалтқан бойынша қалпына келтіру; туу туралы куәліктің негізінде алғаш рет Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатын алу үшін дер кезінде өтініш бермеген азаматтарға формулярларды әділет органдарының халықты құжаттандыру және халықты тіркеу бөлімшелерінің қызметкерлері толтырады.

Тұрақты тұратын жері болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы азаматына жеке басты куәландыратын құжаттарды әділет органдары растаған уақытша тұратын жері (белгілі тұратын жері жоқ адамдар үшін оңалту және бейімдеу орталығы, еңбекпен түзеу мекемесі) бойынша, ал заңнамада көзделген тәртіппен ішкі істер органдары растайтын нақты тұратын жері (белгілі тұратын жері және құжаты жоқ адамдар үшін уақытша ұстау, қабылдау-бөлу изоляторы) бойынша беріледі.

7. Формуляр нөмірі мен штрих коды бар қатаң есептегі баспаханалық бланк, бірыңғай ақпаратты деректер базасына енгізілетін ақпарат тасушы болып табылады және одан әрі жеке тұлғаның берген құжаттарының мекенжай-анықтамалық жұмысымен сәйкес келуі мақсатында пайдаланылады.

8. Формуляр бланкілері реттік нөмірлері бойынша паспорттарды, жеке куәліктерді дайындау үшін формулярлардың есебі № 2-н кітаптарында 5-қосымшадағы нысанға сәйкес есепке алынады (бұдан әрі - 2-н кітап).

9. Формуляр қара, қара көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламмен толтырылады. Формулярдағы деректерді түзету жөнінде формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға «№..... жолдағы түзетілгенге сену» жазбасы жазыла отырып, халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерінің қолымен және паспортты елтаңбалы мөрмен куәландырады.

10. Паспортты, жеке куәлікті алуға арналған түбіртек формуляр бланкісі толтырылғаннан кейін одан бөліп алынады және азаматқа беріледі.

11. Тұлғаны сәйкестендіру мүмкін болмағанда, тозған, бүлінуге байланысты одан әрі қолдануға жарамайтын құжаттарды қоспағанда, жаңа паспорттар мен жеке куәліктер алғанға дейін бұрынғы құжаттары алынбайды.

Азаматтың өтініші бойынша шет мемлекеттің қолданыстағы визасы бар ауыстырылуға тиіс паспорт алынбайды. Бұл ретте жарамсыз паспорт (паспорттың бір жақ шетін тескішпен тесу арқылы) өтелуге тиіс, паспорт иесіне паспортты кейіннен тіркелген жері бойынша әділет органына тапсыру қажеттігі туралы хабарланады. Формулярдың сыртқы бетіне «паспорт тапсырған жоқ» деген белгі қойылады.

12. Жоғалған паспорттар мен жеке куәліктер, заңсыз берілгендер, өзге мемлекеттің азаматтығын қабылдағаны туралы ақпарат болған жағдайда - алынып қоймаған, жаңа құжаттарға ауыстыруда және азаматтың қайтыс болуына байланысты тапсырмаған құжаттар туралы мәліметтер он күн сайын Әділет департаменттерінде жинақталады және одан әрі 6-қосымшадағы нысанға сәйкес, Қазақстан Республикасының деректердің ақпараттық бірыңғай базасына түзету енгізу үшін ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-ге және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің Шекара қызметіне жолданады.

13. Формулярды толтырудың негізділігі мен дұрыстығы формулярды толтырған Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерінің қолымен, оған берілген дербес коды көрсетіліп, куәландырады. Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлерінің дербес кодтары бес таңбалы әріп-санды индекстерден тұрады, ондағы 1-ші белгі (латын әрпі)- облыс коды, 2-ші белгі (латын әрпі)- ауданның коды, 3-ші, 4-ші және 5-ші белгі - өңір ішінде формулярларын толтыруға жіберілген Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлерінің тіркеу ретті нөміріне сәйкес келетін 00 ден - 999 дейінгі араб сандары.

Формулярды толтыратын Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері ауысқан кезде, олардың дербес кодтары жарамсыз деп есептеледі, ал қайта тағайындалғандарға жаңа дербес кодтар беріледі. Бұл ретте оларға кодтың алғашқы екі белгісін өзгеріссіз қалдырып, осы бөлімшедегі пайдаланылмаған бос реттік нөмірлердің ішінен келесі код белгісі беріледі. Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлеріне берілген кодтар туралы мәлімет ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-ге жолданады.

Дербес кодтардың әріптік индекстерін ҚР ӘМ ТҚЖҚККК береді, ал сандық индекстерді Әділет департаменттерінің халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімдері жаңартады және Департаменттердің бастықтары бекітеді.

14. Формулярларды толтыру туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының азаматтары тұрғылықты тұратын жерінде тіркелгенін растайтын азаматтарды тіркеу кітабын (мекенжай анықтамасы), құжат үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек, фотосуреттерді және төменде аталған құжаттардың бірін ұсыну қажет:

туу туралы куәлік;
Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;
бұрынғы КСРО жалпы азаматтық шетел паспорты;
қайтуға берілген куәлігі;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2002 жылғы 23 тамыздағы

№ 556 бұйрығымен (№ 2045 нормативтік-құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген) бекітілген нысандағы Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдау туралы анықтама (бұдан әрі - азаматтықты қабылдау т у р а л ы а н ы қ т а м а) ;

15. Формулярларды толтыру кезінде азаматтардан көлемі 3,5 x 4,5 см. түрлі-түсті екі фотосурет талап етіледі. Фотосурет азаматтың құжат ресімдеу кезіндегі жасына сәйкес, қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген болу керек , бұл ретте адамның беті фотосуреттің жалпы көлемінің 75 % жуығын алуы тиіс. Фотосуреттер фотобаспа әдісімен бір негативтен қалың фотоқағазда басылуы қажет. Компьютерлік сканерлеу және модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді. Діни нанымдарға байланысты ғана бас киіммен суретке түсуге рұқсат етіледі.

Бұл ретте иегінің төменгі бөлігінен маңдайына дейінгі бет әлпеті және бетінің екі жағы анық көрінуі тиіс.

Ф о т о с у р е т :

формулярдың алдыңғы бетінде арнайы бөлінген орынға; формулярдың сыртқы бетінде елтаңбалы мөрмен куәландырылған 18 жолдың қатарына жапсырылады. Мөр бедері анық, еркін оқылатын болуы керек, бұл ретте мөр нөмірі фотосуретке емес бланкіге қойылу керек;

16. Формулярда азаматтың қолы өз қолымен қара, көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламмен қойылады. Сия және капилляр (гельді) қаламдарды пайдалануға жол берілмейді.

Формулярларды толтыру кезінде: 16 жасқа дейінгі балаларға; әрекетке қабілетсіз, сауатсыз, мүгедектігі бойынша; ерекше жағдайларда, қол қоюдан бас тартқандарға (тергеу-қамауға алынғандар, тергеудегі адамдар) формулярға қол қоймауларына болады.

Көрсетілген жағдайларда қол қоюға арналған баған бос қалдырылады, дәлелдейтін құжаттың көшірмесі (зейнеткердің мүгедектігі жөніндегі куәлігі, денсаулығы туралы анықтама, құқық қорғау органының хаттамасы) алынады, формулярдың келесі бетіндегі бос орынға қол қойылмау себебін көрсету қажет.

Жеке куәліктерді дайындауда қойылатын қолдың орнына толтыру тілінде арнайы белгі «не может подписать», «мүмкіндігі жоқ», паспортта ағылшын тілінде «unable to sign» енгізіледі.

17. Формулярды толтыру кезінде: тегі, аты, әкесінің аты және басқа да деректері; елді мекеннің атауы; құжаттарды берген орган формулярды толтыру үшін негіз болып табылатын құжаттардағы жазбаларға сәйкес жазылады; бұл ретте Қазақстан

Республикасының аумағында орналасқан елді мекендердің атауы қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес жазылады.

Барлық кодтар, сондай-ақ тіркелген жерінің мекенжайы және оларда қабылданған қысқартулар кодтар мен қысқартулардың анықтамалықтарына 7-қосымшадағы нысанға сәйкес көрсетіледі. Кодтар анықтамалықтары мен қысқартулар өзгерген жағдайда орталықтандырылған түрде жеке нұсқаумен жіберіледі.

6, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-жолдардағы күндер сандармен мынадай ретпен қойылады: жылы, айы, күні.

18. Формулярды толтыру кезінде мынаны басшылыққа алу қажет. "ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІК БЕРІЛЕДІ" деген нөмірсіз жол тапсырыс берілетін құжаттың түріне сәйкес жеке куәлік және паспорт үшін латынша "N" бас әрпін қою арқылы толтырылады. Егер азамат тек жеке куәлік немесе тек паспорт алса, екінші жол толтырылмайды.

"ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІК БЕРІЛЕДІ" деген 1-жолда формулярды толтырудың бір немесе бірнеше себептерінің (7 кодқа дейін) коды көрсетіледі, мысалы тегін өзгертуі "04" жеке куәліктің жоғалуы "09", заңды мекенжайын ауыстыру "10" және т. б.

1-ақпараттық жолдағы кодтар мынадай тәртіпте көрсетіледі: "00" коды формулярды 16 жасқа дейінгі балаларға паспортты беруге толтыру кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәлігінің деректері жазылады, формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға бар болса жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) көрсетіледі. Балалардың тұлғаларына сәйкестендіру өткізу үшін жеке өздерінің болуы міндетті.

"01" коды 16 жасқа толған азаматтар үшін көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәлігінің деректері жазылады, формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға бар болса ЖСН көрсетіледі.

Егер азамат 16 жасқа толғанға дейін паспорт алған болса, 16 жасқа толғанда формулярды толтыру кезінде 9, 10, 11-жолдарда оның паспортының деректері көрсетіледі, ал формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға елтаңбалы мөрмен куәландырылған туу туралы куәлігінің деректері жазылады.

Туу туралы куәліктің негізінде 16 жасқа толған азаматтарға жеке басын куәландыратын құжаттар ресімдеу кезінде ата-анасының бірінің жеке куәлігі және ата-анасының тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын азаматтарды тіркеу кітабы ұсынылады.

Республикадан тыс жерлерде туған тұлғаларға туу туралы куәліктің негізінде формулярды толтыру Қазақстан Республикасының шет елдік мекемелерінде берілген туу туралы куәліктен басқа халықаралық шарттар нормаларына жауап беретін құжаттар бойынша жүргізіледі.

"04" коды азамат тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке куәлігінің деректері, ал 5-жолда бұрынғы тегі, ал 3 және 4 жолдарда азаматтың әкесінің аты жазылады. Азаматтық хал актілеріне өзгерістер (бұдан әрі - АХАЖ) енгізе отырып азаматтың тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда қайталама туу туралы және анықтамалық деректерді өзгерту туралы куәліктің деректері формулярдың сыртқы жағындағы бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалық мөрмен куәландырылады.

"05" коды азаматтың туған күнін өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке куәлігінің деректері жазылады. Формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында паспорттық елтаңбалық мөрмен куәландырылған туған күнін өзгертуі туралы куәліктің және қайталама туу туралы куәліктің деректері көрсетіледі. Анықтамалық деректерін өзгерту негізінде ("04", "05" коды) жеке куәлік, паспорт алуға формулярды толтыру некеге тұру, некені бұзуға байланысты, сондай-ақ ұлты қазақ адамдардың ұлттық дәстүрге сәйкес тегін өзгертуден басқа, анықтамалық деректерді өзгерту жөніндегі қорытынды шығарылғаннан кейін 8-қосымшадағы нысанға (бұдан әрі - анықтамалық деректерді өзгерту) сәйкес жүргізіледі.

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері анықтамалық деректерді өзгерту дұрыстығын анықтау үшін тексеру материалын құрастыруға мынандай құжаттар енгізіледі:

азаматтың анықтамалық деректерін өзгерту туралы еркін нысандағы өтініші;
азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
анықтамалық деректерін өзгерту туралы куәлігі;
қайталама туу туралы куәлігі;
туу туралы акті жазбасының көшірмесі;
ауыстырылуға жататын құжат (паспорт, жеке куәлік).

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері екі жұмыс күннің ішінде Әділет басқармасының бастығы немесе оның орынбасары бекіткен анықтамалық деректерді ауыстыру бойынша қорытынды шығарылады.

Қорытындыны тіркеу анықтамалық деректерді, ұлтын, туған жерін өзгерту, жеке басты куәландыратын құжаттар беру және тұлғаны тексеру жөніндегі, 1974 ж. үлгідегі паспортты жоғалту туралы 9-қосымшадағы нысан бойынша қорытындыны тіркеу журналында жүргізіледі (бұдан әрі - қорытындыны тіркеу журналы).

"06" коды жеке басын куәландыратын құжаттарда жіберілген қателер табылған жағдайда көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қате табылған жеке куәліктің немесе паспортының, егер ол жеке куәліктен бөлек ресімделсе, деректері жазылады. Дайындалған жеке басын куәландыратын құжаттарда өндірістік ақауға жол берілген жағдайда жаңадан ресімделген формулярмен бірге

бұрынғы формулярды және жіберілген қатесі бар құжатты ҚР ӘМ ТҚжҚКККК-ге жіберген жөн. Бұл ретте олар жалпы тізімге енгізілмей, жеке тізіліммен жіберіледі, ал жеке басты куәландыратын құжаттарды қайталап дайындау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек комитетінің «Ақпараттық-өндірістік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынның есебінен жүргізіледі (бұдан әрі - «АӨО» РМК). Жаңа құжат дайындалғаннан кейін бұрынғы (қатесі бар) құжат өндірістік ақау ретінде "АӨО" РМК жойылады, ал екі формуляр дайындалған құжатпен бірге ресімделген жері бойынша қайтарылады. Егер қателерге халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлерінің немесе формулярды толтырған қызметкерлерінің кінәсінен жол берілген болса, онда ҚР ӘМ ТҚжҚКККК-ге қате табылған жол көрсетіле отырып, нақты еместігі туралы сыртқы бетіне жазба жазылып, растайтын құжаттың қосымшасы көшірмесімен паспорттық елтаңбалы мөрімен куәландырылған формуляр жіберіледі. Қатесі бар құжат әділет органында Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру және ресімдеу жөніндегі Нұсқаулықтың (бұдан әрі - Нұсқаулық) 49-тармағында белгіленген тәртіппен жойылады.

Азаматтың "АӨО" РМК-ның бірыңғай ақпараттық базасындағы фотосуреті оның жеке басты куәландыратын құжатындағы фотосуретімен сәйкес келмейтіндігі анықталған кезде, Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері 10-қосымшадағы нысанға (бұдан әрі - жеке басты растау анықтамасы) сәйкес жеке басты растау анықтамасын жасай отырып, құжатталушының жеке басы мен құжаттағы фотосуретінің сәйкессіздік себептеріне міндетті тексеру жүргізеді, содан кейін екі жұмыс күн ішінде қорытынды шығарады және формулярды, 11-қосымшадағы нысанға (бұдан әрі-жою жөніндегі акті) сәйкес құрылған жарамсыз паспорттарды, жеке куәліктерді, 1974 жылғы үлгідегі паспорттар, уақытша жеке куәліктер, шекара аймағы тұрғынының куәлігі, толтыру кезінде бүлінген формулярлар бланкілерін жою туралы актімен бірге ҚР ӘМ ТҚжҚКККК-ге жіберіледі. Қорытындыны тіркеу қорытындыны тіркеу журналында жүргізіледі.

"07" коды құжат пайдалануға жарамсыз болған жағдайда (бүліну, ескіру, паспорттың барлық беттерін пайдалану) көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда жарамсыз құжаттың деректері жазылады. Бүлінген, ескірген, адамды сәйкестендіру мүмкін болмаған, пайдалануға жарамсыз болған жағдайда формулярды толтыру кезінде құжат алынып қойылады, бұл ретте, уақытша жеке к у ә л і к б е р і л е д і .

"08" коды азамат өзінің ұлтын өзгерткенде көрсетіледі. Паспортта және жеке куәлікте ұлты туралы жазба ата-аналарының ұлтына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналары әртүрлі ұлттан болған жағдайда, Қазақстан Республикасының

азаматы әкесінің немесе анасының ұлты бойынша еркін таңдау құқығы бар.

Ата-анасының ұлты белгісіз жағдайда, оны құжат иесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабына сәйкес анықтайды.

Қазақстан Республикасының азаматтары жеке куәліктерде және паспорттарда ұлты туралы жазбаны өзгерту мәселесі бойынша әділет органдарына жүгінген жағдайларда ауыстырылуға жататын құжаттар туралы мәлімет және қалауы бойынша ұлтын көрсете отырып өтініш береді. Өтінішке ауыстырылуға жататын құжаттар және туу туралы куәлігі қоса беріледі.

Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке куәліктің (немесе паспорттың шетелде тұратындар үшін) деректері жазылады, ал формулярдың артқы бетінде бос орында елтаңбалы мөрмен расталған туу туралы куәліктің нөмірі мен күні қойылады. 8-жолда азаматтың жаңа ұлты, ал 8-жолдың астына бұрынғы ұлты жазылады. Сондай-ақ "08" коды азамат жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлтын көрсеткісі келмеуіне байланысты, оларды ауыстырғанда формулярды толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл жағдайда 8-жол толтырылмайды, онда "999" к о д ы қ о й ы л а д ы .

Егер бұрынғы паспорты және жеке куәлігі әділет органының басқа халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімшелерінде берілсе, формулярға мәлімет енгізу үшін ұлты туралы жазбаны өзгертумен берілген жаңа паспорт және жеке куәлік туралы жазбаша хабарлама жолданады.

Азаматтардың жеке куәліктерінде, паспорттарында ұлты туралы жазбаны өзгерту туралы таластар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот т ә р т і б і н д е ш е ш і л е д і .

"09" коды азамат жеке куәлігін жоғалту себебі бойынша формулярды толтыру к е з і н д е к ө р с е т і л е д і .

Жеке куәлігін жоғалтқан азаматтар тіркелген орны бойынша әділет органдарына құжаттың қашан және қандай жағдайда жоғалтқаны туралы 12-қосымшадағы нысанға сәйкес жазбаша өтініш және тұрақты тіркеуін растайтын азаматтарды тіркеу кітабын (мекенжай анықтамасы) береді.

Егер азамат бұрын әділет органының осы бөлімшесінен құжаттандырылған болса, жеке басын растауды тексеру және жоғалған жеке куәлік туралы мәліметтер беруді, картотека бойынша халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері үш жұмыс күн мерзіміне дейін жүргізеді.

Егер жоғалған жеке куәлік азаматтың тіркелген орнынан алынбаған болса, сондай-ақ картотекада формулярдың түпнұсқасы болмаған жағдайда, ҚР ӘМ ТҚжҚКККК-ге жоғалған жеке куәлік туралы мәлімет алу үшін азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жері көрсетілген сұрау салу жолданады.

Жоғалған жеке куәлікке байланысты сұрау салулар электронды байланыс арқылы азаматтардан өтініш келіп түскен күннің ертеңіне ҚР ӘМ ТҚжҚКККК-ге

кешіктірмей жолданады, жауабы сұрау салған бастамашыларға үш жұмыс күннің ішінде жолданады.

ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-ге жауап келіп түскеннен кейін жеке тұлғаны растау және жоғалған жеке куәлікті беруді халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері бірыңғай ақпараттық деректер базасында жүргізеді.

Формулярдың 9, 10, 11-жолдарында жоғалған жеке куәлігінің деректері жазылады. Паспорты бар болса, 9, 10, 11-жолдарда қолындағы паспортының деректері көрсетіледі. Формулярдың сыртқы бетіне жоғалған құжатты қалпына келтіру жөніндегі азаматтың өтінішінің нөмірі және күні жазылады.

Азаматтың қолында жеке басын куәландыратын құжаттың біреуі болған жағдайда (жеке куәлік және паспорт) жеке тұлғаны сәйкестендіру ақпараттық деректер базасында қолындағы бар құжатпен жүргізіледі.

Азаматтар жеке куәлігін жаңа тұрғылықты орынға көшу кезінде жоғалтқан жағдайда, жоғалған жеке куәлікті қалпына келтіруді әділет органдары жаңа тіркелген орны бойынша жүргізеді. Мұнымен жеке куәлікті ресімдеген әділет органына формулярға белгі енгізу үшін хабарлама жолданады.

Әділет органдарына келіп түскен, табылған және түскен күнінен бастап бір жыл ішінде иелері талап етпеген жеке куәліктер осы Нұсқаулықтың 49-тармағында белгіленген тәртіппен табылған, бірақ талап етілмеген ретінде жойылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттың жоғалғаны туралы хабарлаған азаматтың арызы бойынша оған тұрғылықты жері бойынша тіркелетін уақытша жеке куәлік беріледі.

Жеке куәліктерді тұрғылықты емес жерінде жоғалтқан жағдайда әділет органдары азаматтардың арызы бойынша қандай да болсын фотосуреті бар құжатымен (қызметтік куәлігі, әскери билет, жүргізуші куәлігі) оның тұлғасын растағаннан кейін оларға тұрғылықты жерлеріне оралу үшін уақытша жеке куәлік беріледі.

"10" коды азамат заңды мекенжайын ауыстырған кезде көрсетіледі.

9, 10, 11-жолдарда азаматтың жеке куәлігінің деректері жазылады. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тұрғылықты жері) міндетті түрде толтырылады.

"11" коды жеке куәлік пен паспортты алғаш ресімдеген жағдайда: 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын немесе оны жоғалтуына байланысты қалпына келтіруде, бұрынғы КСРО-ның жалпыазаматтық шетелдік паспортын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін (Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығын растайтын Нормативтік-құқықтық актілердің 2002 жылғы 15 қарашадағы № 2045 Тізілімінде тіркелген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2002 жылғы 23 тамыздағы № 556 бұйрығымен бекітілген ішкі істер органдары берген нысанды анықтаманың болуымен) (бұдан әрі – Қазақстан

Республикасының азаматтығына қатыстылығы туралы анықтама), туу туралы куәлік ұсынған 18 жастан асқан тұлғаларға көрсетіледі.

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты бойынша құжаттандыру үшін азаматтардан: жеке басты куәландыратын құжаттарды уақытында алмау себептері көрсетілген еркін нысандағы өтініш, барлық тұрған жері, оқу, жұмыс орындары көрсетілген толық өмірбаян, 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты, азаматтарды тіркеу кітабы (мекенжай анықтамасы), әскери міндеттілер үшін әскери билет алынады. Халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлерімен осы Нұсқаулықтың 20-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырылған көшірмелер тексеру материалына тігіледі.

Паспортта қойылған тіркеу мөрінің түпнұсқалығына күмән туындаған немесе болмаған жағдайда азаматтығын анықтау үшін халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері азаматтығын растау үшін Қазақстан Республикасы аумағында тіркелу заңдылығына азаматты тексеруді жүргізеді. Тіркеу туралы мәліметтер облыс орталықтарының мекенжай-анықтама бюроларынан немесе аумақтық әділет органдарының картотекаларынан, селолық , ауылдық округтердегі шаруашылық кітаптарынан сұратылады. Тіркелу фактісін анықтау үшін бұрынғы тұрған жерлері бойынша сұрау салулар жіберіледі.

Аталған тұлғаға паспорттың берілгендігін және фотосуреттердің ұқсастығын растау, сондай-ақ ерекше белгілерінің болу мәніне тексеру жүргізу үшін (шетел мемлекетінің азаматтығы туралы, ауыстыруы, паспортты жоғалтуы, құзыретті органдардың сұрау салулары туралы) осы паспортты берген органға азаматтың фотосуреті және 2-н кітаптан 1974 жылғы үлгідегі паспорттың есебін бергенін растайтын 13, 14-қосымшаға (бұдан әрі - сұрау салу) сәйкес нысан бойынша бар 1-н көшірмесін (бұдан әрі - 1-н) халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері міндетті түрде сұрау салу жолдайды.

Егер 1-н көшірмесінің қызметтік белгілер деген бағанында құзыретті органдардан бұрын келіп түскен хабарламалар туралы жазба болса, онда осы мекенжайлар бойынша адам туралы қосымша ақпарат алуға сұрау салу жіберіледі. Белгіленген тәртіпте куәландырылған 1-н көшірмесі және 2-н кітабынан алынған мәліметтер паспортты елтаңбалы мөрмен куәландырып, тексеру материалдарына тігіледі.

Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу немесе оны жоғалту, республикадан тысқары тұрақты тұруға кету, шетелдік ретінде республика аумағына тіркелу есебі бойынша азаматтарды тексеру үшін Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері аумақтық ішкі істер органдарына сұрау салу жібереді, жауабы тексеру материалдарына тігіледі.

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері азаматтың жақын туыстарын, не оны кемінде 15 жыл білетін (екі немесе одан да көп адам)

адамдарды тарту арқылы азаматтың жеке басын растау анықтамасын жасайды.

Азаматтың жеке басын анықтау және Қазақстан Республикасы азаматығына қатыстылығы расталған жағдайда, халықты құжаттандыру және тіркеу қызметкерлері 15-қосымшадағы нысанға сәйкес (бұдан әрі - жеке басын тексеру және жеке басын куәландыратын құжаттар беру) жеке басын куәландыратын құжаттарды беру және жеке басын тексеру нәтижесі бойынша қорытындыларды тіркеу журналына тіркелетін қорытынды шығарады. 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты осы Нұсқаулықтың 49-тармағында белгіленген тәртіппен жойылады, ал оның деректері формулярдың 9, 10, 11-жолдарына ж а з ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тіркеуін оның ішінде 1992 жылғы 1 наурызға немесе оның 3 айдан аса үзіліп кетуін растайтын құжаттары, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ жағдайда, азаматтар Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығы туралы анықтама алу үшін аумақтық ішкі істер органдарына өтініш береді.

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын жоғалту кезінде құжаттандырылу үшін азаматтардан:

жеке басын куәландыратын құжаттарды дер кезінде алмау және жоғалту себептері көрсетілген еркін нысандағы өтініш, туған жері, тұрған жері, оқыған, жұмыс істеген орны көрсетілген толық ө м і р б а я н ,

азаматтарды тіркеу кітабы (мекенжай анықтамасы), әскери міндеттілер үшін әскери билет алынады.

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері осы Нұсқаулықтың 20-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырылған көшірмелерді тексеру материалына тігеді.

Халықты құжаттандыру және тіркеу қызметкерлері аталған тұлғаға паспорттың берілгендігін және фотосуреттердің ұқсастығын растауға, азаматтарды және Қазақстан Республикасының азаматтығын растау үшін Қазақстан Республикасы аумағында тіркеу заңдылығына, сондай-ақ ҚР азаматтығынан шығу мәніне ішкі істер органдарының есебі бойынша немесе оны жоғалту, республикадан тысқары жерге тұрақты тұруға кетуге, республика аумағында шетел азаматы ретінде тіркелуіне тексеру жүргізеді.

Азамат фотосуретінің ұқсастығы фотосуреті бар қосымша талап етілетін құжаттары (әскери билет, қызметтік куәлік, ерекше жағдайларда жүргізушінің куәлігі) бойынша қайтадан тексерілуі мүмкін. Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері азаматтың жақын туыстарын, не оны кемінде 15 жыл білетін (екі немесе одан да көп адам) адамдарды тарту арқылы азаматтың жеке басын растау анықтамасын жасайды.

Азаматтардың 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын жоғалту туралы өтініші негізінде жоғалғаны туралы іс жүргізіледі. Істерге нөмірлер беріледі: алымы - өтініш берушіні тіркеу нөмірі, бөлімі - 16-қосымшадағы нысанға сәйкес осы жылғы істердің реттік нөмірі. 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспортын жоғалту туралы істер 17-қосымшадағы нысанға сәйкес 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспортын жоғалту туралы журналда тіркеледі.

Азаматтың жеке басы анықталған және Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығы расталған жағдайда, Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері екі жұмыс күні ішінде жеке басын куәландыратын құжаттарды беру және жеке басын тексеру нәтижесі бойынша шығарылған қорытындыны тіркеу журналына жазады.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда жоғалған 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының деректері жазылады, формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырылған жоғалту туралы істің нөмірі мен күні жазылады.

Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тіркеуін оның ішінде 1992 жылғы 1 наурызға немесе оның 3 айдан аса үзіліп кетуін растайтын құжаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ жағдайда, азаматтар Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығы туралы анықтама алу үшін аумақтық ішкі істер органдарына өтініш білдіреді.

Азаматтар Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығы туралы анықтаманы ұсынғаннан кейін Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері:

жеке басын куәландыратын құжаттарды дер кезінде алмау себептері көрсетілген еркін нысандағы өтініш; азаматтарды тіркеу кітабын (мекенжай анықтамасы) қабылдайды.

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкері осы паспортты берген органға фотосуретімен 1-н арызының көшірмесі және оның берілгенін растайтын 2-н кітабындағы жазбаларды ұсыну туралы сұрау салу жолдайды. 1-н көшірмесі және 2-н кітабынан алынған жазбалар тексеру материалына тігіледі. Екі жұмыс күні ішінде Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкері Әділет басқармасының бастығы немесе оның орынбасары бекіткен және одан кейін қорытынды тіркелетін журналға тіркейтін жеке басын тексеру, жеке басын куәландыратын құжаттарды беру нәтижесі бойынша қорытынды шығарады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар алу үшін қолдаухатпен алғаш рет өтініш білдірген және туу туралы куәлігін ұсынған 18 жастан асқан адамдарға формулярды ресімдеу туралы шешім олардың жеке басын тексеріп, Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығын анықтағаннан кейін қабылданады. Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкері жеке басын

куәландыратын құжаттар алу мәселесі бойынша өтініш беруші тұлғадан: уақытында жеке басты куәландыратын құжатын алмау себебі көрсетілген е р к і н н ы с а н д а ғ ы ө т і н і ш , барлық тұрған жері, оқуы, жұмысы толық көрсетілген өмірбаян, азаматтарды тіркеу кітабын (мекенжай анықтамасы), т у у т у р а л ы к у ә л і г і н , әскери міндеттілер үшін әскери билеті немесе әскерге шақырту куәлігінің, ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаттарын қабылдайды.

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері осы Нұсқаулықтың 20-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырылған көшірмелерді тексеру материалына тігеді.

Өтініш берушінің ұсынған қайталама туу туралы куәлігін растау үшін Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері АХАЖ органынан туу туралы акт жазбасының көшірмесін сұратады.

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері жақын туыстарын (бір немесе одан да көп), олар болмаған жағдайда, оны 5 жылдан кем білмейтін (екі адамнан кем емес) адамдарды тарту арқылы оның жеке басын растау анықтамасын толтырады, екі жұмыс күні ішінде Әділет басқармасының бастығы немесе оның орынбасары бекіткен және одан кейін қорытынды тіркелетін журналға тіркейтін жеке басын тексеру, жеке басын куәландыратын құжаттарды беру нәтижесі бойынша қорытынды шығарады.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәліктің деректері жазылады, сыртқы бетіндегі бос орынға паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырылған жеке басын тексеру және жеке басын куәландыратын құжаттар беру жөнінде қорытындының нөмірі мен күні жазылады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басты куәландыратын құжаттары және олардың Қазақстан Республикасы аумағында кәмелеттік жасқа дейін тұрақты тіркеуде жоқ 18 жастан асқан тұлғалар, Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығын анықтау туралы анықтама алу үшін аумақтық ішкі істер органдарының көш-қон полиция бөлімшелеріне өтініш білдіреді.

Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері жеке басты куәландыратын құжаттар алу мәселесі бойынша алғаш рет Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығын анықтау туралы анықтаманы, туу туралы куәлік ұсынған өтініш беруші:

жеке басты куәландыратын құжаттарды дер кезінде алмау себептері көрсетілген ө т і н і ш , т у у т у р а л ы к у ә л і к , әскери билеті немесе әскерге шақырту куәлігі, азаматтарды тіркеу кітабын (мекенжай анықтамасы) ұсынады.

Өтініш берушінің ұсынған қайталама туу туралы куәлігін растау үшін Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері АХАЖ органынан тексеру материалдарына қосу үшін туу туралы акт жазбасының көшірмесін с ұ р а т а д ы .

Екі жұмыс күні ішінде Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкері Әділет басқармасының бастығы немесе оның орынбасары бекіткен және одан кейін қорытынды тіркелетін журналға тіркейтін жеке басын тексеру, жеке басын куәландыратын құжаттарды беру нәтижесі бойынша қорытынды ш ы ғ а р а д ы .

«12» коды Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдаған тұлғаларға формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдағаны туралы аталған анықтама, 15-жолда бұрынғы азаматтығы (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін – АЖТ «990» коды) сондай-ақ, Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдаған күні жазылады. Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының (бұдан әрі - Жарлық) нөмірі сондай-ақ Қазақстан Республикасында шетелдікке қоныстану ықтиярхатының (оны алған жағдайда) берілген күні және нөмірі формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға көрсетіледі және паспорттық елтаңбалық мөрмен куәландырады.

«13» коды тек паспорт жоғалтқан азаматтарға формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда жеке куәліктің деректері жазылады, сыртқы бетіндегі бос орынға азаматтың паспортты қалпына келтіру туралы өтінішінің паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырылған нөмірі мен к ү н і ж а з ы л а д ы .

16 жасқа дейін балаға дайындалған паспорт жоғалған жағдайда, құжатын қалпына келтіру туралы өтінішті оның ата-анасының біреуі немесе заңды өкілі ж а з а д ы .

«14» коды формулярды елді мекен атауының өзгеру себебі бойынша ресімдеу кезінде көрсетіледі. 14-жол толтырылмайды, ал 9, 10, 11-жолдарда қолындағы жеке куәлігінің деректері жазылады.

«15» коды формулярды Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін шетелден қайтып оралған Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәлік ресімдеу кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тұрғылықты жері) толтырылады, ал 9, 10, 11-жолдарда арызданушының қолындағы Қазақстан Республикасы паспортының деректері жазылады.

«16» коды құжаттарды дайындаудың жаңа технологиясына сәйкес олардың түрлерінің өзгеруіне байланысты иесінің қалауы бойынша формулярды жеке куәлікке және паспортқа ресімдеу кезінде көрсетіледі.

«17» коды жеке куәлік немесе паспорттың негізінде алғаш рет құжат алуға

формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қолындағы жеке куәлігінің немесе паспортының деректері жазылады.

«18» коды жеке басын куәландыратын құжаттың қолдану мерзімі аяқталуына байланысты формуляр толтыру кезінде көрсетіледі, ал 9, 10, 11-жолдарда арызданушының қолындағы жеке куәлігінің деректері жазылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттың қолдану мерзімінің аяқталуына 1 ай қалғанда формулярды толтыруға рұқсат етіледі.

19. Тегін, атын, әкесінің атын, жерін, туған күнін ауыстыруға байланысты формулярды толтырған кезде Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі № 23 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2843 болып тіркелген) арнайы есептердің жекелеген түрлерін жүргізу және пайдалану ережесінің (бұдан әрі - арнайы есептерді жүргізу ережесі) 27-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) аумақтық басқармасына анықтау деректерін (тегін, атын, әкесінің атын, ұлтын, туған күні және жерін) өзгертуге байланысты аудандық және қалалық әділет органдарына жеке басты куәландыратын құжаттарды ауыстыру мәселесі бойынша өтініш білдірген азаматтар туралы мәліметтер әр айдың 15 және 30 күні жоғарыда аталған бұйрықпен белгіленген н ы с а н д а ж о л д а н а д ы .

20. Құжаттарды қабылдаған Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері тексеру материалдарына тігілген барлық анықтамалар және құжаттардың көшірмелерін құжаттың түпнұсқасымен міндетті түрде салыстыра отырып тексереді, одан кейін құжаттың көшірмелеріне «Көшірме дұрыс» жазбасы паспортты елтаңбалы мөрмен куәландырылады, салыстыра тексеруді жүргізген қызметкердің аты-жөні, әкесінің аты, қызметі көрсетіліп, қолы қ о й ы л а д ы .

21. Құжаттандыру мәселесі бойынша өтініш білдірген азаматтардың өтініштері әділет органы бойынша жалпы тәртіппен тіркеледі, жеке басын анықтау, анықтамалық деректерін ауыстыру жөніндегі қорытынды, қорытынды тіркелетін журналға ж а з ы л а д ы .

22. Құжаттандыру мәселесі бойынша азаматтар ұсынған құжаттың түпнұсқалығына немесе Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығы күмән тудырса, сондай-ақ формулярды халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерінің негізсіз ресімдегені анықталған кезде, құжатталатын адамның жеке басын қосымша тексеру бір айға дейін жүргізіледі. Қарау мерзімі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес ұзартылады, ол жөнінде қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде

а з а м а т қ а ж а з б а ш а х а б а р л а н а д ы .

Жоғарыда көрсетілген санаттағы азаматтарды тексеруді аяқтағаннан кейін Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкері екі жұмыс күні ішінде Әділет басқармасының бастығы немесе оның орынбасары бекіткен және одан кейін қорытынды тіркелетін журналға тіркейтін жеке басын тексеру, жеке басын куәландыратын құжаттарды беру нәтижесі бойынша қорытынды шығарады, одан кейін құжаттар беруге формулярларды толтыру жүргізіледі.

23. Формулярдағы 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12-жолдарды толтыру үшін негіз болған құжатына сәйкес толтырылады. Формулярдағы тегі, аты, әкесінің аты және паспорттар, жеке куәліктер алуға төлеген түбіртектегі жазба бірдей болуы керек. 7-жолда ерлерге-1, әйелдерге-2 саны қойылады.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдарға кодтарды бірге қоя отырып, оны ресімдеу үшін негіз болған құжатқа сәйкес толтырылады:

"01" туу туралы куәлік;

"02" 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;

"03" Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

"08" Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы белгіленген нысандағы анықтама;

"10" уақытша жеке куәлік (тек құжаттары жоқ азаматтар үшін 1 жолда "11" коды қоя кезінде);

"12" Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

"13" шет мемлекетте уәкілетті органдар берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі (адамды Қазақстан Республикасының азаматы деп таныған жағдайларда).

"15" Қазақстан Республикасында уәкілетті органдар берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі (адамды Қазақстан Республикасының азаматы деп таныған жағдайларда).

11-жол қысқартусыз толтырылады, құжатты берген қалалық, аудандық органның атауы, сондай-ақ облыстың атауы, Астана, Алматы қалалары толық көрсетіледі.

Формулярдың 12-жолында Қазақстан Республикасының аумағында туған азаматтар үшін көрсеткен құжатына сәйкес тиісті жолдарда - облыс, Астана, Алматы қалалары, аудан және оларға тиісті кодтар, елді мекен жазылады.

Шетелде туған азаматтарға тиісті жолдарда елдің, облыстың (өлкенің) ауданның, елді мекеннің атауы жазылады, бұл ретте тек елдің коды көрсетіледі, басқа кодтар қойылмайды.

Формулярдың 13,14-жолдары тиісті жолдарда азаматтың қазіргі және бұрынғы тіркелген тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіле отырып, толтырылады.

14-жол тіркелген жерін өзгерткен және Қазақстан Республикасына тұрақты

тұру үшін қайтып оралған кезде толтырылады.

Формулярдың 15-жолы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдарды толтыру кезінде толтырылады. Тиісті жолдарда бұрын азаматы болған ел және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған күні Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес немесе ішкі істер органының қорытындысы көрсетіледі.

Формулярдың 16-жолы азаматтың отбасы жағдайына сәйкес бір, екі, үш, төрт кодтарын қою арқылы толтырылады. 2 кодын қою кезінде жұбайының тегі, аты, әкесінің аты, некенің тіркелген күні және некені тіркеген орган, жұбайлардың некеге тұрғанға дейінгі, бұрынғы тегі жазылады.

Формулярдағы 17-жолының тиісті жолдарға 16 жасқа дейінгі балалардың тегі, аты, әкесінің аты жазылады. Егер азаматтың 16 жасқа дейінгі балалары үштен көп болса, олар туралы мәлімет формулярға жапсырылатын "17-жолға қосымша" деген жазба енгізілген бөлек парақта жазылады.

Формулярдың 18, 19-жолдарында ата-анасының тегі, аты, әкесінің аты және олардың туған күні жазылады. Азаматта ата-анасы туралы қандай да бір мәлімет болмаған жағдайда осы мәліметтерге тиісті жолдар толтырылмайды. Ата-анасының бірі немесе екеуі туралы мәліметтер мүлде болмаған жағдайда тиісті жолда "МӘЛІМЕТТЕР ЖОҚ" деген жазба жазылады.

Формулярдың 20-жолында құжатты беретін қызметкер паспорттың, жеке куәліктің нөмірін және дайындалған күнін, иесінің құжаттарды алған күнін, оның қолын, қызметкердің тегі мен қолын көрсетеді.

24. Құжаттарға төленген мемлекеттік баж төлемі туралы түбіртектерде формулярдың нөмірлері жазылады. Түбіртектер құжаттарды дайындауға жіберілетін формуляр тізілімдемесінің бір данасымен салық органдары тексеріс жүргізгенге дейін формулярдың толтырылған жері бойынша әділет органдарында сақталуы тиіс. Тексеріс жүргізілгеннен кейін бір жылдан соң қатаң есептегі бланкілердің тексеріс актісінде құжаттардың жалпы сомасын көрсете отырып, әділет органының ішкі тексеру комиссиясымен түбіртектер жойылады.

25. Жеке басты куәландыратын құжаттар формулярды құжаттар алуға толтырған күннен бастап екі ай мерзім ішінде беріледі.

Азаматтардың қалауы бойынша, жеке басты куәландыратын құжаттарды неғұрлым қысқа мерзімде алу үшін, құжаттарды ақылы негізде жеделдетіп ө з і р л е у қ о л д а н ы л а д ы .

26. Формулярларды аудандық (қалалық) Халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімдері толтырғаннан кейін, бұрын азаматтарға жеке басты куәландыратын құжаттар берілген формулярының бар екендігіне, сондай-ақ қызметтік белгілерге картотека бойынша тексеру жүргізеді. Бұл ретте формулярда көрсетілген барлық деректер мен фотосуреттің ұқсастығын салыстырады.

Бір және екі санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін тексеру мерзімі бір жұмыс күнін (формулярды толтырған күн саналмайды) үшінші санатты жеделдік - екі жұмыс күнін, қарапайым тәртіппен толтырылған формулярлар үшін толтырылған күннен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

Аудандық (қалалық) Халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімдері тексеруді жүзеге асырғаннан кейін аудандық (қалалық) әділет органдарында (бұдан әрі - тізілімдеме) ресімделген формулярларды жөнелтуге 18-қосымшадағы нысанға сәйкес, тізілімдемеге енгізілетін формулярлардың нөмірі, азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, формуляр саны, толтыру себебі, мерзімі төрт данада жазылып, тізілімдеме жасалады. Бұл ретте тізілімдемелер толтыру себебінің кодтары бойынша ресімделген формулярларға бөлек құрастырылады:

" 0 1 "

"00", "07", "10", "13", "14", "15", "16", "17"; "18";

" 0 4 " , " 0 5 " , " 0 8 " ;

" 0 6 " ;

" 0 9 " ;

" 1 1 " ;

" 1 2 " ;

" ж е т і л д і р у " ;

" Ж С Н " ;

" тергеу-қамауындағылар" ;

" с о т т а л ғ а н д а р " .

Тізілімнің үш данасы формулярлармен бірге Әділет департаментіне ж о л д а н а д ы .

27. Толтыру негізділігіне және дұрыстығына формулярларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға байланысты ресімделген тұлғаларды және оңайлатылған тәртіпте Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдаған тұлғалар бойынша ішкі істер органының көші-қон полиция басқармасының тізімдерімен және Жарлықпен салыстыра тексергеннен кейін Әділет департаменттері аудандық, қалалық бөлімшелерінен алған тізілімдер мен формулярлардың негізінде ҚР ӘМ ТҚЖҚККК формулярларды жөнелту үшін аудандық, қалалық Халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімшесінің атауын, аудандық, қалалық тізілімдердің шығыс нөмірлерін және толтырылған күнін, олардағы формулярлардың санын көрсете отырып, 19-қосымшадағы нысанға сәйкес, үш данада тізілімдер жинағын толтырады.

Бірінші және екінші санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін Әділет департаменттерінде тексеру мерзімі түскен күнінен бастап бір жұмыс күнін, үшінші санатты жеделдік - екі жұмыс күнін, қарапайым тәртіппен толтырылған формулярлар үшін, толтырылған күннен бастап бес жұмыс күнін

қ ұ р а й д ы .

Тізілімдер жинағының екі данасына аудандық, қалалық бөлімшелерінің тізілімінің екінші данасын қоса бере отырып, Әділет департаменті Халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімінің бастығы қол қояды және ол ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-не жіберіледі, тізілімдер жинағының бір данасы және аудандық (қалалық) бөлімшенің тізілімінің бір данасы Әділет Департаментінің жеке номенклатуралық ісіне тігіледі.

Әділет департаменттерін тексерген кезде анықталған формулярлар пысықтау үшін қайтарылуы тиіс, аудандық, қалалық бөлімшелердің тізілімдерінен алу себебіне міндетті көрсете отырып, алынады және тізілімдер жинағын құрастырған кезде есепке алынбайды.

28. ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-сі формулярларды тексеруді автоматтандырылған режимде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ҚР ІІМ) іздестірілетін тұлғаларды автоматты «Іздестіру» базасы бойынша жүзеге асырады, сондай-ақ деректер базасындағы адам туралы мәліметтердің сәйкес келмеуіне байланысты "АӨО" РМК-дан формулярларды қайтару кезінде негізсіз құжаттандыру фактілерін анықтау жөніндегі жұмысты жүргізеді.

Формулярларды аудандық, қалалық бөлімшенің тізілімімен және Әділет департаменті бөлімінің тізілімдер жинағымен бірге ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-нен құжаттарды дайындау үшін "АӨО" РМК-ның өндірісіне жолданады, формулярлар құжаттармен бірге Әділет департаменттеріне жіберу үшін қ а й т а р ы л а д ы .

29. Жеке куәліктер мен паспорттарды "АӨО" РМК-да дайындау мерзімі формулярдың өндіріске келіп түскен күнінен бастап бірінші санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін - бір жұмыс күнін, екінші санатты жеделдік бойынша толтырылған формулярлар үшін – үш жұмыс күнін, үшінші санатты жеделдік – бес жұмыс күнін, жалпы тәртіппен толтырылған формулярлар үшін – формуляр өндіріске келіп түскен күннен бастап он бес ж ұ м ы с кү н і н қ ұ р а й д ы .

30. Жіберілген қателері үшін ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-сі және Әділет департаменттері жетілдіруге аумақтық әділет органдарына қайтарылған формулярлар аудандық, қалалық құжаттандыру және тіркеу бөлімшелеріне түскен күннен бастап кемінде он күн мерзімде жетілдіреді, мұнан кейін олар құжаттарды дайындауға жеке тізілімдермен қайта жіберіледі. Бұл ретте ілеспе хатта жетілдіруге қайтарылған осы формулярлар тізілімдерінің бұрынғы шығыс нөмірлері міндетті түрде көрсетіледі (әрбір формуляр бойынша шығыс нөмірі жеке көрсетілу қажет). Жетілдіруге қайтарылған формулярлар тіркеу журналында 20-қосымшадағы нысанға сәйкес есепке алынады.

Жазбалардың дәлсіздігі және жетілдіруден кейінгі формулярлар бойынша

құжаттар "АӨО" РМК-да өндіріске түскен күннен бастап, бес күнде дайындалуға ж а т а д ы .

31. Дайындалған жеке куәліктер мен паспорттарды Әділет департаментіне жіберу кезінде ҚР ӘМ ТҚЖҚККК 21-қосымшадағы нысанға сәйкес екі данада дайын болған құжаттарды, формулярларды Әділет департаменттеріне жолдау үшін тізілім құрастырады (бұдан әрі - дайын құжаттарды жолдау тізілімі). Бір данасы ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-да қалады, ал тізілімнің екінші данасы тізілімге енгізілген басылып шыққан қосымшасымен ("АӨО" РМК диспатчы) формулярлармен және дайындалған құжаттармен бірге Әділет департаменттеріне ж і б е р і л е д і .

32. Әділет департаменттеріне келіп түскен дайындалған құжаттардың және формулярлардың тізілімі әділет органдары бойынша жалпы тәртіппен тіркеледі, аудандық, қалалық бөлімшелерге бөлінеді және Облыстық, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттерінен дайындалған құжаттарды қалалық (аудандық) әділет органдарына жөнелтуге тізілім бойынша оларға жолданады.

33. Жетілдіру бойынша құжаттарды дайындауға жіберілген формулярлар, «АӨО» РМК диспатчамен бірге құжаттарды дайындауға жіберілген тізілімдер Әділет департаменттерінің аудандық, қалалық бөлімшелерінде сақталады, ҚР ӘМ ТҚЖҚККК жеке номенклатуралық істе сақталады.

34. Берілген жеке куәліктер, паспорттарға арналған формулярлар әділет органдарында арнайы картотекаларда сақталады.

Картотека оларды толтыру және азаматтардың тіркелу жері бойынша әділет органдарының өрт-күзеттік сигнализациямен жабдықталған, терезелері торланған, темір есікпен қапталған жеке оқшауланған үй-жайларда орналасуы қажет. Дайындалған құжаттарға арналған формулярларды жоғалтпас үшін картотекамен жұмыс істеу үшін оның сақталуына жауап беретін функционалды міндеттер жүктелетін қызметкерлер бөлінеді. Функционалды міндеттеріне осы жұмыстар жатпайтын қызметкерлердің картотекаға кіруіне үзілді-кесілді тыйым с а л ы н а д ы .

Формулярды картотекаға орналастыру құжаттарды иелеріне беру фактісі тексерілгеннен кейін және 2-н журналмен салыстырып тексерілгеннен кейін жү р г і з і л е д і .

Формулярларды картотекаға орналастыру қатаң түрде әліпби ретімен жүргізіледі. Тегі бірдей әріптен басталатын адамдардың 1-н арызы теріліп алынады және тегінің екінші әрпі бойынша, одан кейін үшінші т.с.с. әліпби ретімен орналастырылады.

Мысалы: Абдықалықов, Авдеев, Ағыбергенов;
Базаров, Баитов, Бақтұрсынов және т.б.

Тегі бірдей адамдардың формулярларды картотекаға аты мен әкесінің аты

бойынша әліпби ретін сақтай отырып орналастырылады.

Мысалы. Азаров Алексей Антонович, Азаров Алексей Артемович, Азаров Алексей Васильевич және т.б.

Формулярда тегі, аты, әкесінің аты бірдей болған жағдайда туған жылы бойынша өсуі ретімен, одан кейін туған жерінің қала, аудан, елді мекендері бойынша әліпби ретімен орналастырылады.

Мысалы: Баринов Аркадий Исаевич, 1963 ж. т., туған жері Алматы,
Баринов Аркадий Исаевич, 1963 ж. т., туған жері Балқаш,
Баринов Аркадий Исаевич, 1966 ж. т.

Сол сияқты мемлекеттік тілде толтырылған 1-н арыздар мынадай тәртіппен алфавит бойынша орналастырылады:

Ә әрпі А әрпіне орналастырылады, бұдан әрі сәйкесінше:
Ғ-Г; І-И; Қ-К; Ң-Н; Ө-О; Ү-Ұ-У; Һ-Х.

Формулярларды анықтама алу, көшірмесін түсіріп алу, қызметтік белгілер қою үшін картотекадан алуға 1 жұмыс күннен артық мерзімге алуға жол берілмейді. Уақытша алынған формуляр жұмыс күнінің соңында картотекаға қайтарылуы керек. Формулярды картотекадан уақытша алған кезде алынған формулярдың орнына формулярдың алу себебі және күні, 1-н арыз уақытша қолында болатын адамның тегі мен лауазымы жазылған қызметкердің қолымен куәландырылған формулярдың көшірмесі салынады. Формулярды басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне және өзге тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Формулярдың көшірмесі тек сұрау салу бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, қаржы полиция органдарына, кеден бақылауына, прокуратураға, соттарға, адвокатураға, сондай-ақ өзге мемлекеттердегі паспорт қызметтерінің сұрау салуы бойынша беріледі (жіберіледі). Азаматтарға формулярдың көшірмесі берілмейді.

Мемлекеттік органдардан хабарламалар түскен кезде картотеканың сақталуына жауапкершілік функционалдық қызметіне кіретін халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкері тиісті белгілер енгізу үшін формулярлардың картотекалары бойынша тексеріс жүргізеді.

35. Қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлеріне сәйкес тегін, атын, әкесінің атын жазу Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 2923 Жарлығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ұлты қазақ адамдар тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы әділет

органдарына жүгінген кезде азаматтар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде өздері қалайтын тегін, атын, әкесінің атын, ауыстырылуы тиіс құжаттары туралы мәліметтерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді.

Өтінішке мына құжаттардың біреуі қоса беріледі:
туу туралы куәлік (бірінші рет жеке куәлік алатын кезде);
ауыстыруға жататын жеке куәлік, паспорт;

Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағаны туралы анықтама.

Қазақ халқының дәстүріне сәйкес тегінің, әкесінің атының жазылуын өзгертуге ниет білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарына формуляр толтыруға мынадай талап қойылады.

Формулярдың 1 - жолында паспорт, жеке куәлік беру себебі - "04" коды (тегінің, әкесінің атының жазылуын өзгерту) көрсетіледі.

Өтініш берушінің қалауы бойынша 2 жолда мемлекеттік және орыс тілдерінде тегі жазылады, 3 жолда - аты, ал 4 жолда - қазақ тіліне тән емес қосымшаларын (-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина, -н, -на, -ович, -овна, -евна) алып тастай отырып, алайда тегі мен әкесінің атының түбір негіздері сақтала отырып жазылады. Бұл ретте әкесінің атын жазғанда әкесінің есіміне адамның жынысына қарай "улы, ұлы; кызы, қызы" қосымшалары жалғанады, мысалы, Наурызбаев Булат Керимович, Наурызбаев Болат Керимұлы болып немесе Наурызбай Болат Керімұлы болып жазылады.

Бұдан басқа, қазақ тіліне тән емес тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы әріп тіркестері алып тасталады, мысалы, Джандосов Джумабай Джандосович болып жазылған болса, ол Жандосов Жумабай Жандосович болып, Чоканов Рыскали Джумабаевич, ол Шоканов Ырыскали Жумабаевич болып жазылады.

Ұсынған құжаттарда азаматтың тегі болмаған жағдайда, оның әкесінің аты фамилия ретінде жазылады, мысалы - Болат Керимұлы, 2 жолда «тегі/фамилия» - Керимұлы (немесе Керімұлы), 3 жолда «аты/имя» - Болат. Тегі және әкесінің аты болмаған жағдайда тегі ретінде аты көрсетіледі.

Тегіне «тегі» (фамилия), «ұрпағы» (поколение), «немересі» (внук), «шөбересі» (правнук) және тағы да сол секілді сөздер жалғауға рұқсат етілмейді.

Ұлты қазақ адамдардың тегін, жеке аттарын, әкесінің атын жазуда жеке аттарда сөздердің санына қарамай-ақ, бөлек жазылымдарға рұқсат етілмейді: Әбілқасым (Әбіл-Қасым емес), Гүлсара (Гүл-сара емес).

2, 3, 4 жолдардан төмен енгізілген өзгерістердің астынан өтініш берушінің тегінің, атының, әкесінің атының бұрынғы жазылуы көрсетіледі.

Халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері азаматқа жаңа құжат бергеннен кейін жаңа және бұрынғы тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, 22-қосымшадағы нысанға сәйкес екі данада мекенжайға келу парағын толтырады. Бұл ретте жаңа тегі, аты, әкесінің аты бірінші болып

жазылады, ал бұрынғысы оған қатар жақшада жазылады. Келу парағының бір данасы аумақтық әділет органының мекенжай-анықтама картотекасына тіркеледі, ал екіншісі мекенжай бюросына жолданады.

Егер, бұрын азаматқа жеке куәлік, паспорт әділет органының басқа халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімшелерінде берілген болса, онда ол органға формулярға тиісті белгі енгізу үшін азаматтың тегінің, атының, әкесінің атының жазылуы өзгерген жаңа құжат ресімделгені туралы хабарлама жіберіледі.

36. Тегінің, атының, әкесінің атының өзгеруіне байланысты барлық өзге мәселелер АХАЖ немесе сот органдарымен шешіледі.

37. ҚСЖАЕК (Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің) аумақтық басқармасына Арнайы есепті жүргізу ережесінің 27-тармағына сәйкес, әр айдың 15 және 30-да азаматтың тегінің, атының, әкесінің атының өзгергені туралы мәлімет жолданады.

38. Жоғарыда аталған құжаттарға сәйкес (шақыру, неке туралы куәлік, ғылыми еңбектер, монограммалар), паспорттарды ресімдеген кезде өтініш берушінің тегі мен аты қажетті ағылшынша жазылымында басылуы мүмкін. Азамат Әділет органына тегі мен атын ағылшын тілінде жазылуын көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш береді.

Аумақтық әділет органы басшысының рұқсаты бар өтініш - «транскрипция» формулярдың сыртқы бетіне жапсырылады және құжаттарды дайындау үшін ҚР ӘМ ТҚЖҚККК - не жіберіледі.

Бұл ретте қалауы бойынша транскрипцияда көрсетілген азаматтың тегі және аты формулярдағы 2, 3-жолдарда көрсетіледі. Азаматтың өтінішінің тіркеу нөмірі мен мерзімі формулярдың сыртқы бетінде көрсетіледі және паспортты елтаңбалық мөрмен куәландырады.

3. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға және жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдап алынған айыпталушыларға құжаттар беру

39. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген және қандай да бір себептермен жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарын әділет органдары бұрынғы тұрғылықты жерінен міндетті түрде тіркеуден шығара отырып, түзеу мекемелерінің орналасқан жері бойынша құжаттандырады. Бұл ретте бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тіркеуден шығару үшін қамауда ұстау орындарының әкімшілігі 23-қосымшадағы нысанға сәйкес үш данада кету парағын (бұдан әрі - кету парағы) толтырады; бірінші кету парағы тұрақты тіркелген жері бойынша әділет

органына, екіншісі мекенжай бюросына жіберіледі, үшіншісі сотталған адамның жеке ісіне тігіледі.

Жеке куәліктердегі "тұрғылықты жері" деген бағанда сотталушы жазасын өтеп жатқан мекеме көрсетіледі.

Дайындалған жеке куәліктер сотталғандардың жеке істерінде сақталады. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде жеке куәлік беріледі. Электронды ақпарат ұстағышы жоқ жеке куәлік азаматтың тұрғылықты жері бойынша ауыстырылуға жатады.

40. Тергеу қамауындағы, сондай-ақ жазасын өтеп жүрген адамдар жеке басын куәландыратын құжаттарын жоғалтқан кезде қылмыстық қудалау органдары мен қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі аумақтық әділет органы басшысының атына жоғалту себебі көрсетілген жазбаша өтініш қабылдайды. Олар бұрын жоғалған құжат ресімделген әділет органынан елтаңбалы мөрмен және лауазымды адамның қолымен куәландырылған жоғалған құжатқа формулярдың көшірмесін сұрайды. Қылмыстық қудалау органдары және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі тергеу-қамауындағы, сондай-ақ, жазасын өтеп жүрген адамдарды құжаттандыру туралы қолдаухатымен көрсетілген құжаттар мемлекеттік бажды төлеу туралы түбіртек және екі фотомен бірге құжатты дайындау үшін тиісті азаматтарды құжаттандыру және тіркеу бөлімшесіне оны қалпына келтіру үшін жіберіледі.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалтқаны туралы іс екі күн мерзім ішінде аяқталуы тиіс, ал арнайы тексеріс жүргізу қажет жағдайда қосымша материалдарды талап ету және басқа да шаралар жүргізу мерзімі бір айға дейін жүргізіледі.

Жоғарыда аталған санаттағы адамдарға жеке басын куәландыратын құжатты беруге формулярды олардың тікелей тұратын жері бойынша құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері толтырады.

Бұл ретте "тұрғылықты жері" деген жолда осы адамдар ұсталатын алдын алу изоляторы органының орналасқан жері (облыс, қала, аудан, елді мекен, тергеу изоляторлары, уақытша ұстау изоляторы) көрсетіледі.

Формуляр жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындауға оны толтырған күннің ертеңіне жолданады. «АӨО» РМК-да тергеу-қамауындағыларға құжаттар дайындау мерзімі өндіріске келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күнін құрайды.

Құжаттар дайын болғаннан кейін формуляр оларды ресімдеген әділет органдарының картотекасына тіркеледі.

Тергеу қамауындағы адамдардың жаңа құжаттарды алу фактілері туралы олардың бұрынғы тұрғылықты жері бойынша тиісті әділет органдарының

құжаттандыру және тіркеу бөлімшелеріне хабарлама жіберіледі. Тергеу қамауындағы адамдар қамаудан босатылған немесе оған қатысты қылмыстық қудалау аяқталған жағдайда құжат иесіне қайтарылады.

4. Жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қою, сақтау, жою

41. Уәкілетті әділет органдары жеке басты куәландыратын құжаттарды егер: жеке басы ұқсас болып, айыру мүмкін болмағанда; оған заңсыз өзгерістер енгізілгенде немесе жеке басының бірдей болуына байланысты өзгерістер енгізу қажет болғанда; онда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы халқын құжаттандыру және тіркеу Ережесінде көзделген арнайы жазулар болмаған немесе мұндай жазулар с ә й к е с к е л м е г е н д е ; қ ы з м е т м е р з і м і ө т к е н д е ; оларды жарамсыз деп тану жөнінде енгізілген қорытындыға сәйкес болғанда; иесінің құқықтық мәртебесіне сәйкес келмеген жағдайларда алынып қ о й ы л а д ы .

42. Жарамсыз жеке куәліктер мен паспорттар алынып қойылады және осы Нұсқаулықтың 49-тармағында белгіленген тәртіпте жойылады.

43. Азаматта бірнеше біртепті құжаттар болғанда жарамдысынан басқасының б ә р і а л ы н ы п қ о й ы л а д ы .

44. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығатын Қазақстан Республикасының азаматтары жеке куәліктерін тіркеуден шығарған кезде әділет органдарына тапсырады.

45. 24-қосымшадағы формаға сәйкес АХАЖ органдары жолдаған құжаттар тізіліміне АХАЖ органдарына тапсырылған қайтыс болған адамдардың жеке куәліктері, паспорттары енгізіледі және айына кемінде бір рет әділет органдарының халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімшелеріне жіберіледі. Халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері формулярға иелерінің қайтыс болған, оларды тіркеуден шығарған туралы белгі қояды және деректер базасына түзетулер енгізу үшін ҚР ӘМ ТҚЖҚККК ақпарат жібереді.

Тізімдемелерге сондай-ақ жеке куәліктері мен паспорттары тапсырылмаған қайтыс болған адамдар туралы мәліметтер де енгізіледі. Формулярда иелерінің қайтыс болғаны туралы және жеке куәліктер мен паспорттардың алынбағаны туралы белгі қойылады. Мұндай формулярлар картотекаға қосылады, ал мәліметтер ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-ге жіберіледі. Егер жеке куәліктерді, паспорттарды басқа әділет органдары берген болса, онда сол жерге жеке

куәліктердің, паспорттардың иелерінің қайтыс болғаны туралы, сондай-ақ олардың алынбағаны туралы мәлімет жіберіледі.

46. Шетелге тұрақты тұруға шыққан азаматтардың жеке куәліктері, тегі, аты, әкесінің атының өзгеруіне байланысты ауыстырылған және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан басқа да себептер бойынша немесе ішкі істер органдарының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандар, орнына жаңа құжат берілген, табылған, қайтыс болған, сондай-ақ дайындалған күнінен бастап бір жылғы дейін талап етілмеген азаматтардың паспорттары, куәліктері өтеледі және жарамсыз деп танылады, сонан соң осы Нұсқаулықтың 49-тармағымен белгіленген тәртіпте жойылады.

47. "АӨО" РМК азаматтарға жаңа құжаттарды дайындау кезінде автоматты түрде бұрын алынған барлық құжаттарды жарамсыз деп тану туралы мәліметтер деректер базасына енгізіледі.

48. Жарамсыз құжаттарды жою туралы актілер ай сайын ҚР ӘМ ТҚЖҚККК жолданады. «АӨО» РМК-сы жарамсыз құжаттарды жою актілері түскен күннен бастап 15 күн мерзімге дейін деректер базасына түзетулер енгізеді.

49. Жойылуға тиіс жеке куәліктер мен паспорттар әділет органдарында с а қ т а л а д ы .

Электронды ақпарат ұстағышы жоқ жеке басты куәландыратын құжаттарды жою аумақтық әділет органының ішкі тексеру комиссиясымен айына кемінде бір рет жүргізіледі. Бұл ретте 25-қосымшадағы нысанға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын жарамсыз құжаттарды жою тізіліміне сәйкес жою себебі және иесі туралы мәлімет, құжат түрі көрсетіліп, жойылатын құжаттардан кесіп алынған жою туралы акт жасалынады.

Орталықтанған тәртіпте жою үшін, жарамсыз құжаттарды жою себебі және нөмірі, азаматтың анықтамалық деректері көрсетілген ілеспе тізіліммен электрондық ақпарат ұстағышы бар жарамсыз жеке куәліктер мен паспорттар айына кемінде бір рет ҚР ӘМ ТҚЖҚККК жолданады.

Құжаттарды жою туралы актілер бөлек номенклатуралық істе құралады.

Жарамсыз құжаттарды жоюды әділет органының ішкі тексеру комиссиясы «АӨО» РМК-да жойылатын құжатты одан әрі пайдаланудың мүмкін болмауын қамтамасыз ететін арнайы құралдарда өртеу жолымен жүргізеді.

Формулярларда құжаттарды жою актісінің нөмірі, жойылған күні және себебі көрсетіледі. Егер құжаттарды басқа әділет органы берген болса, онда сол жерге жойылатын құжаттар туралы 26-қосымшадағы нысанға сәйкес хабарламалар жіберіледі, олардың негізінде формулярларда құжаттарды жою актісінің нөмірі, қашан және кім жойғаны, сондай-ақ оларды жою себептері көрсетіледі.

Шекара аймағынан тысқары кетуіне байланысты тіркелген жерін ауыстырған кезде шекара аймағы тұрғынының куәлігі алынады. Шекара аймағы тұрғынының куәлігін беру жөніндегі материалдар жеке номенклатуралық істе құралады.

6. «Халықты құжаттандыру және тіркеу» Тіркеу орны» ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттар дайындау үшін формулярлар толтыру ерекшелігі

52. «Халықты құжаттандыру және тіркеу» Тіркеу орны» (бұдан әрі - ХҚТ ТО) ақпараттық жүйесі арқылы толтырылған Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды дайындауға арналған электрондық формуляр нөмірі мен штрих-коды бар қатаң есептілік құжат болып табылады. Электрондық формулярдың нөмірін автоматтандырылған режимде бірыңғай ақпараттық жүйемен қалыптастырады.

53. Электрондық формулярдың дұрыс толтырылғаны және негізділігі халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерінің электрондық-цифрлік қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) расталады.

ЭЦҚ электрондық цифрлік қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлік нышандар жиыны және электрондық өтінімді орталық торапқа құжаттандыруға және тіркеуге (тіркеу есебінен шығаруға) жіберу кезеңінде қолданылады.

ЭЦҚ тұлғаның өз қолымен қойылған қолтаңбасына тең және электрондық формулярға қол қою үшін бірдей заңды жауаптылықты жүктейді.

ЭЦҚ оған заңды негізде иелік ететін адамдардың меншігі болып табылады. ЭЦҚ Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қолдану үшін басқа тұлғаларға берілмеуі тиіс.

54. ЭЦҚ алу үшін Әділет департаменттері өтінім беруге, аумақтық бөлімшелердің халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлерін сәйкестендіру процесіне және тіркеу куәліктерін алуға жауапты болатын уәкілетті қызметкерді тағайындайды.

55. ЭЦҚ-ның әрекет ету мерзімі тіркеу куәлігі шығарылған сәттен бастап бір жылды құрайды. Қайталама ЭЦҚ алу үшін мерзімі өтпестен он күн бұрын жаңа өтінім беру қажет. ХҚТ ТО жұмысты жүзеге асыратын уәкілетті қызметкер ауысқан кезде, ЭЦҚ алынып-салынатын ұстағышпен бірге Әділет департаментіне өткізіледі. Әділет департаментінің уәкілетті қызметкері тіркеу куәлігін кері шақыртуға өтінім береді.

56. Электронды формулярды толтыру үшін Қазақстан Республикасының

азаматтары тұрақты тіркелген мекен-жайын растайтын азаматтарды тіркеу кітабын, жеке басты куәландыратын құжат үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртектегі, және төменде санамаланған құжаттардың бірін:

туу туралы куәлік;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдағаны туралы анықтама;

ХҚТ ТО азаматты фотосуретке түсіру төлемсіз жүргізіледі. Азаматтың қалауы бойынша оларға 3,5x4,5см фотосурет ұсынылады.

57. ХҚТ ТО ақпараттық жүйесіне кіру үшін пайдаланушының аты және парольды енгізу қажет. Атын немесе парольды қате енгізген жағдайда жүйе тиісті қатесін шығарады.

ХҚТ ТО ақпараттық жүйесінде есептік жазба жазу үшін уәкілетті қызметкер тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы және талап етілген қол жетімділік құқығы көрсетілген өтінімді тіркеуге алады.

Пайдаланушыны белсендіру үшін ХҚТ ТО коды және ХҚТ ТО генерирленген жүйесінде нөмірі көрсетілген ҚР ӘМ ТҚЖҚККК хат жолданады.

58. Азаматтар ұсынған жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) бар жеке куәлік, паспорттар немесе туу туралы куәлікпен бірыңғай ақпараттық деректер базасында жеке басты сәйкестендіру жүргізіледі. Бұл ретте халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлермен бірыңғай ақпараттық деректер базасында азаматтардың өздері ұсынған құжаттармен салыстыра тексеру жүргізіледі. Бірыңғай ақпараттық деректер базасында азаматтар туралы мәліметтерде дәл еместік байқалған жағдайда, электронды формулярға азаматтың жеке куәлігінің деректері енгізіледі. Бұл ретте жүргізілген өзгеріс халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлерінің «қосымша ақпарат» жолындағы жазбасымен расталады.

59. Құжаттандыру туралы шешім шыққанан кейін ХҚТ ТО өтінім тіркеледі. Өтінімде:

тапсырыс берілетін құжат түрі;

құжат алу себебі;

құжат толтыру тілі;

паспортта азаматтың ұлтын жазу туралы белгі;

электронды формуляр толтыру үшін негіз болып табылатын құжат көрсетіледі.

60. Өтінім тіркелгеннен кейін халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері электронды формулярды толтыру, сондай-ақ суретке түсіру, қол қою, дайын құжаттарды алу үшін азаматтарға берілетін өтінімді тіркеу талонын басып шығарады.

61. Электронды формулярға азаматтың фотобейнесі - суретке түсіру жолымен , азаматтың қол қоюы – скандау арқылы қол қоюмен енгізіледі. Азамат фотосурет берген жағдайда, оның фотосуреті және қағаз ұстағыштағы қолы, азаматтың қалауы бойынша скандау жолымен енгізіледі.

62. ХҚТ ТО электронды формулярларды толтыру мына кодтар бойынша жүргізіледі :

- «00» 16 жасқа дейінгі балаларға паспорт беру;
- «01» 16 жасқа толған азаматтар үшін;
- «04» тегін, атын, әкесінің атын өзгерту;
- «05» туған күнін өзгерту;
- «06» жазбаның дәлсіздігі;
- «07» құжаттардың одан әрі қолдануға жарамсыздығы;
- «08» азамат өзінің ұлтын өзгерту;
- «09» азаматтың жеке куәлік пен паспорт жоғалтуы;
- «10» заңды мекенжайын ауыстыру;
- «12» Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау;
- «13» азаматтың паспорт жоғалтуы;
- «14» қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлінуге байланысты елді мекен атауының өзгеру себебі бойынша;
- «15» Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қайтумен байланысты жеке куәлік алу ;
- «16» иесінің қалауы бойынша жаңа технологияға сәйкес олардың түрлерінің өзгеруіне байланысты ;
- «17» қолда бар жеке куәлік немесе паспорттың негізінде алғашқы рет жеке басты куәландыратын құжаттар алу;
- «18» құжаттың қолдану мерзімінің аяқталуы (паспорт, жеке куәлік).

63. Электронды формулярды толтыру кезінде құжат алу себебінің бір немесе бірнеше коды (жеті кодқа дейін) көрсетіледі, бұл ретте электронды формулярларды толтыруға сәйкес, осы Нұсқаулықтың 18 тармағын басшылыққа алу қажет .

64. Электронды формулярларды кодтар бойынша толтыру кезінде:

«00», «01»- ЖСН бар туу туралы куәлік көрсету бойынша, бірыңғай ақпараттық деректер базасында ЖСН бойынша тұлғаны сәйкестендіру жүргізіледі. Туу туралы куәлігінде ЖСН жоқ болған жағдайда тұлғаны сәйкестендіру жүргізілмейді, ал мәліметтерді электронды формулярға халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері туу туралы куәлікке сәйкес енгізеді .

Егер азамат 16 жасқа дейін паспорт алған жағдайда, онда 16 жасқа толу жөнінде электронды формуляр толтыру паспорттың негізінде көрсетіледі, «

қосымша негіздеме» жолына туу туралы куәліктің деректері енгізіледі.

Туу туралы куәлік негізінде толтырылған электронды формулярға ата-анасының біреуінің жеке куәлігінің нөмірі, берілген күні және берген орган туралы мәліметтер «қосымша ақпарат» жолына енгізіледі.

«04» - неке қию, бұзу туралы анықтама деректерін ауыстыру, қайталама туу туралы куәлік берген орган, мерзімі, нөмірі, әділет органының анықтамалық деректерін өзгерту туралы қорытынды мерзімі және нөмірі электронды формулярдың «қосымша негіздеме» жолына Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері енгізеді;

«05» - анықтамалық деректерін ауыстыру қайталама туу туралы куәліктердің нөмірі, берген орган, күні және туған күнін ауыстыру туралы әділет органының қорытындысының мерзімі және нөмірі «қосымша негіздеме» жолына Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері енгізеді;

«06» - анықтамалық деректерінде, туған жеріндегі мәліметтерде алшақтық байқалған жағдайда, тексеру аяқталғаннан кейін «қосымша негіздеме» жолында электронды формулярға өзгерту енгізілгенін растайтын құжаттар деректері енгізіледі. Құжаттандырылған халықтың деректер базасында фотосурет сәйкес келмесе «қосымша негіздеме» жолында тұлғасын анықтау жөніндегі қорытындының күні мен нөмірі жазылады;

«08» - электронды формулярдың «қосымша негіздеме» жолына туу туралы куәліктің күні және нөмірі енгізіледі;

«09» - Тіркеу нөмірі және азаматтың өтінішінің күні немесе жеке басты куәландыратын жоғалған құжаттарды қалпына келтіру туралы ісі «қосымша негіздеме» жолына енгізіледі;

«10» - егер қала немесе облыс ішінде заңды мекенжай ауыстырған жағдайда азаматтың жеке куәлігіндегі «заңды мекенжай» бағанында оның тек тұратын қаласы немесе облысы көрсетілсе, жеке куәлікті ауыстыру жүргізілмейді.

Егер жеке куәлікте тіркеудің жаңа мекенжайына сәйкес келмейтін толық заңды мекенжай көрсетілсе (қала, аудан, көше, үй, пәтер), онда тіркеусіз ХҚТ ТО ақпараттық жүйе арқылы жеке куәлікті ауыстыру талап етіледі. Электронды формулярды ресімдеуге дейін тіркеу мөртабаны азаматтарды тіркеу кітабына қойылады, екі данада келу парағы толтырылады, біреуі мекенжай бюросына, екіншісі аумақтық әділет органының мекенжай картотекасына және статистикалық органға жолдау үшін келу парағына статистикалық талон ж о л д а н а д ы .

«12» - Электронды формулярды толтыруға Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы анықтама негіз болады. Егер азамат бұрын Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматының қоныстану ыхтиярхатын алған болса, «қосымша негіздеме» жолында оның берілген күні

мен нөмірі көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының нөмірі немесе Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдағаны туралы ішкі істер органының қорытындысы «қосымша негіздеме» жолына көрсетіледі, ал «қосымша ақпарат» жолында азаматтың бұрынғы азаматтығы көрсетіледі.

«13» - «Қосымша негіздеме» жолына азаматтың жоғалған паспортты қалпына келтіру өтінішінің күні және тіркеу нөмірі енгізіледі.

«15» - «Қосымша негіздеме» жолына бұрынғы тұрғылықты жерінің күні мен м е к е н ж а й ы к ө р с е т і л е д і .

65. Қазақстан Республикасы азаматтары паспорттар алуға толтырылған электронды формулярлар жаңа тұрғылықты жер бойынша ХҚТ ТО арқылы тіркеу шараларынан кейін жүргізіледі.

66. Азаматтың анықтамалық деректерін ағылшын тіліне транскрипциялау ХҚТ ТО автоматты түрде жүргізіледі. ХҚТ ТО транскрипция қажеттілігі болған жағдайда азаматтың еркін нысанда жазған өтініші бойынша Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері өзгертуі мүмкін. Бұл ретте «қосымша ақпарат» жолында азаматтың өтінішінің күні және тіркеу нөмірі е н г і з і л е д і .

67. Электронды формулярды толтырғаннан кейін азаматтарға енгізілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру және жеке қолтаңбасын растау үшін ақпараттық парақ басылып шығарылады.

Ақпараттық парақ әділет органдарының құжаттандыру және тіркеу бөлімшелерінде азаматтар дайын құжатты алғанға дейін сақталады.

68. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды беруге төленетін мемлекеттік төлем туралы түбіртекке ХҚТ ТО коды, өтінімді тіркеу талонының нөмірі және толтырылған күні жазылады.

69. Электронды формулярлар құжаттандырылған халқының бірыңғай ақпараттық деректер базасы бойынша толтыруды аяқтау жөнінде және қызметтік белгілер деген жазба болса аумақтық әділет органының картотекасы бойынша халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері тексеру жүргізу үшін локалды деректер базасында сақталады.

Қате байқалған немесе өзге де ауытқушылықтар байқалған жағдайда халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері түзету енгізеді және ол қол қоятын қайталама ақпараттық парақ басылып шығарады. Бірінші және екінші санатты жеделдік бойынша толтырылған электронды формулярлар үшін тексеру мерзімі бір жұмыс күнін, үшінші санатты жеделдік үшін екі жұмыс күнін, жалпы тәртіппен толтырылған электронды формулярлар толтырылған күннен бастап 3 ж ұ м ы с к ү н і н қ ұ р а й д ы .

70. Электронды формулярдың толтыру дұрыстығы мен негізділігі тексеруден кейін халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлерінің ЭЦҚ

куәландырады, содан кейін электронды формуляр ХҚТ ТО орталық торабына жөнелтіледі.

71. ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-сі формулярларды тексеруді автоматтандырылған режимде ҚР ПМ іздестіретін тұлғаларды автоматты «Іздестіру» базасы бойынша жүзеге асырады, сондай-ақ деректер базасындағы тұлға туралы мәліметтердің сәйкес келмеуіне байланысты «АӨО» РМК-дан формулярларды қайтару кезінде негізсіз құжаттандыру фактілерін анықтау жөніндегі жұмысты жүргізеді.

72. Бірыңғай ақпараттық деректер базасында мәліметтердің сәйкессіздігі, толтыру ережесі сақталмауы, кескіндемелік ақпарат сапасыздығы жағдайда, электронды формулярлар ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-ден ХҚТ ТО қайта ресімдеуге дейін орындаусыз қайтарылады.

73. Электронды формулярлар қате кеткен немесе сәйкес келмеуіне байланысты ресімдеуге дейін қайтарылғандар аумақтық әділет органдарына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні мерзіміне дейін өңделуі қажет, одан кейін олар құжаттар дайындауға қайта жолданады.

74. Тексеріліп болғаннан кейін анықтамалық деректерінің мәліметтерінде және туған жерінде алшақтық байқалған жағдайда, «қосымша негіздеме» жолында электронды формулярға өзгерту енгізуді растайтын құжаттың деректері енгізіледі. Қажет болған жағдайда қосымша, паспортта және жеке куәлікте жазбаның дұрыс еместігі – «06» коды қойылады.

75. Бірыңғай ақпараттық деректер базасындағы фотосуретпен азаматтың фотосуреті сәйкес келмеген жағдайда, тексеру аяқталғаннан соң «қосымша ақпарат» жолында қорытындының күні, нөмірі енгізіледі.

76. Егер бұрын дайындалған құжаттар мына себептермен жарамсыз құжаттар қатарына енгізілсе: «заңсыз берілген», «қайтыс болуына байланысты», «азаматтықтан шығу», «Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты кеткен», «жоғалған» және тиісті тексеру жүргізу кезінде анықталмаған құжаттың жарамсыздығы жөнінде түзету енгізу бірыңғай ақпараттық деректер базасына Әділет департаментінің жазбаша негіздемесімен енгізу қажет. Бірыңғай ақпараттық деректер базасына түзету енгізілгеннен кейін электронды формуляр құжаттарды дайындауға жолданады.

77. Тексеруден өткен электронды формуляр бойынша «АӨО» РМК паспорттар мен жеке куәліктерді өндіріске түскен күннен бастап мына мерзімде дайындайды:

- 1-ші санатты жеделдік бойынша бір жұмыс күні;
- 2-ші санатты жеделдік бойынша үш жұмыс күні;
- 3-ші санатты жеделдік бойынша бес жұмыс күні;
- Жалпы тәртіппен түскендер - он бес күн.

78. «АӨО» РМК- дан ҚР ӘМ ТҚЖҚККК-ге Әділет департаменттеріне дайын болған жеке куәліктер мен паспорттарды тапсыру және жөнелту осы Нұсқаулықтың 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32-тармақтарында бекітілген тәртіппен жүргізіледі.

79. Дайын құжаттарды беру ХҚТ ТО халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері электронды формулярды толтыру орны бойынша жүзеге асырады. Дайын болған жеке куәлік пен паспортты алу үшін азамат алынып қоюға жататын тіркеу өтінімінің талонын және құжаттарды ұсынады.

80. Халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері ХҚТ ТО жүйесіне дайын құжаттардың бар болуы және азамат туралы ақпарат алу үшін тіркеу өтінімі талонының нөмірін енгізеді. Азамат тіркеу өтінімі талонын жоғалтқан жағдайда, оның нөмірі ақпараттық парақтан оқылады.

81. ХҚТ ТО жүйесінде жеке басын куәландыратын құжаттарды беру фактісін тіркеуге машинамен оқылатын аймақты оқу үшін электронды құрылғы қолданылады.

Сонымен бірге дайын құжаттарды беру мерзімінің фиксациямен бір мезгілде, алдыңғылары жаңа құжаттар шығуына байланысты автоматты түрде жарамсыздар қатарына аударылады.

Түрлі-түсті принтерде құжатты берген халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерінің және азаматтың қолы қойылатын электронды формуляр басылып шығарылады, одан кейін ақпараттық парақ жойылады.

82. 29-қосымшадағы нысанға сәйкес паспорттар, жеке куәліктер дайындауға электронды формулярларды есепке алу № 2 нысанды кітабындағы нөмірлер бойынша есепке алынады және осы Нұсқаулықтың 34-тармағында қаралған тәртіпте картотекаға салынады.

83. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты жоқ 16 жасқа дейінгі балаларға ЖСН генерациясы ХҚТ ТО ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті Комитет регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): Индивидуальный Идентификационный Номер (ИИН): ##### Халықты құжаттандыру және
--	---

Казахстан қосымша рождения Фамилия: Имя: Отчество: а й ы , Дата рождения: ##.##.####	№ ##### Приложение № ##### ##### ##### ##### #####	туу туралы куәлікке к свидетельству о ##### Тегі/ Аты/ Әкесінің аты/ Туған күні, ж ы л ы /	тіркеу бөлімінің бастығы: М.О. Начальник отдела документирования и регистрации населения: иици: М.П. № ##### туу туралы куәлігінің түпнұсқасы көрсетілген кезде жарамды Действительно только при предъявлении оригинала свидетельства о рождении № #####
---	--	---	---

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2010 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 352 б ұ й р ы ғ ы н а
2-қосымша

"Қазақстан Республикасының тіркелген және тіркеуден шығарылған азаматтарын есепке алу Ережесі"

1. Қазақстан Республикасы азаматтарын тіркеу және тіркеуден шығару

1. Азаматтың тіркелген жері оның заңды мекенжайы болып табылады.
2. Тіркеуге Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе шетелден тұрақты тұруға келген азаматтар жатады.
3. Әділет органдары Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.
4. Тіркеуге (тіркеуден шығаруға) материалдарды қабылдауды және тіркеу (тіркеуден шығару) жөніндегі ресімделген құжаттарды беруді әділет органдарының халықты құжаттандыру және тіркеу бөлімшелері жүзеге асырады.
5. Азаматтарды тіркеу және тіркеуден шығару, олардың өтініш берген күні ж ү р г і з і л е д і .
6. Азаматтарды тіркеу олардың тұрғын үйді меншігіне сатып алғанын растайтын не оны пайдалануға алғаны туралы куәландыратын құжаттарының негізінде, соның ішінде жалға алу (жалдау), қосымша жалдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша тұрғын үйге тұруға оларға құқық беруші (бұдан әрі - тұрғын үйге құжаттар) шарттар бойынша, сондай-ақ тұрғын үй иесінің (жалға алушының) жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Азаматтарды тіркеу тұрғын үйлерде, пәтерлерде, бау-бақша серіктестіктері мен кооперативтерінің саяжай құрылыстарында, жатақханаларда, қонақ үйлерде,

демалыс үйлерінде, санаторийлерде, профилакторийлерде, емдеу мекемелерінде, интернат-үйлерінде, пансионаттарда, қарттар үйлерінде, қызметтік ғимараттар мен үй-жайларда жүзеге асырылады.

7. Азаматтарды тіркеу үшін:

Тұрғын үй иесінің жеке куәлігі көшірмесімен 1-қосымшадағы нысанға сәйкес белгіленген үлгідегі тұрғын үйге тіркеу туралы үй иесінің жазбаша келісімі (бұдан әрі – тұрғын үй иесінің жазбаша келісімі); Егер тұрғын үй иесі кәмелетке толмаған бала болса, тіркеу туралы жазбаша өтінішті оның заңды өкілдері береді.

тұрғын үй құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексерілген соң иесіне қайтарылады, көшірмесін құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері Қазақстан Республикасының тіркелген және тіркеуден шығарылған азаматтарын есепке алу Ережесінің (бұдан әрі - Ереже) 30-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырады);

2-қосымшадағы нысанға сәйкес азаматтарды тіркеу кітабы (бұдан әрі - азаматтарды тіркеу кітабы). Ол болмаған кезде азаматтарды тіркеу кітабы тіркеуге тұрғын үй иесінің жазбаша келісім беруімен бір мезгілде жүргізіледі;

бұрынғы тіркелген жерінен 3-қосымшадағы нысанға сәйкес мекенжайдан кету парағы (бұдан әрі - мекенжайдан кету парағы);

жеке куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі (он алты жасқа дейінгі балалар - туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесін; Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға шет елден келген азаматтар - Қазақстан Республикасы азаматы төлқұжатының түпнұсқасы және оның беттерінің белгіленген деректерінің және бұрынғы тіркелген жерінен шығару туралы белгісі бар бетінің көшірмелерін ұсынады). Құжаттың түпнұсқалары тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін – құжаттарды қабылдаған құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырады, тексеру материалдарына тігіледі. Қазақстан Республикасы азаматының паспорт түпнұсқасы және көшірмесі жеке куәлік жоғалған кезде ғана ұсынылады.

Бұл ретте, 4-қосымшадағы нысанға сәйкес, кейіннен оған 5-қосымшадағы формаға сәйкес тіркеу мөртаңбасын (бұдан әрі – тіркеу мөртаңбасы) қоя отырып, екі мекенжайға келу парағы (бұдан әрі - мекенжайға келу парағы) және 6-қосымшадағы формаға сәйкес, статистикалық есепке алу талоны (бұдан әрі - мекенжайға келу парағына статистикалық есепке алу талоны) толтырылады және паспорттық елтаңбалық мөрмен куәландырады. Мекенжайға келу парағының біреуі жергілікті әділет органының картотекасына орналастырылады, екіншісі мекенжай бюросына жіберіледі.

Әскери міндеттілер, әскери билетінің түпнұсқасы мен көшірмесі (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәлігін) немесе әскери есепке қабылдағаны

туралы әскери басқарманың жергілікті органының белгісі бар тіркеу куәлігін (әскерге шақырылғандар үшін) ұсынады. Құжаттардан азаматтың анықтайтын деректері мен әскери есепке қабылданған туралы белгіні қамтитын беттерінің көшірмесі алынады. Құжаттың түпнұсқасы тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін құжаттарды қабылдаған құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіпте к у ә л а н д ы р а д ы .

8. Жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдаған азаматтарды тіркеу уақытша жеке куәліктер бойынша жүргізіліп, кейіннен жеке басты куәландыратын құжаттар беріледі.

9. Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін шетелден оралған Қазақстан Республикасының азаматтары консулдық есептен шыққаны туралы белгі қойылған Қазақстан Республикасы паспортының негізінде белгіленген тәртіппен тіркеледі. Егер Қазақстан Республикасы азаматы бұрынғы тұрған елінде Қазақстан Республикасы елшілігінің консулдық есебінен шықпай келген болса, міндетті түрде азаматтыққа қатыстылығы көрсетілген Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі (немесе ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментімен) берген, бұрынғы тұрған мемлекетінің есебінен шығуы туралы анықтамасын немесе шет елдегі құзырлы органдарымен тиісті түрде куәландырылған және берілген бұрынғы тұрғылықты жерінен тіркеу есебінен шыққаны туралы құжат ұсыну керек.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен үш айдан аса мерзімге берілген Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары тұрғылықты мекенжайға кетумен байланысты тіркеу есебінен шығу туралы мекенжайға кету парағының түпнұсқасын ұсыну кезінде уәкілетті әділет органымен кететін мемлекетінің азаматтығымен және тіркеуінің барлығына тексеру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасына (азаматтығы бар) АБ сериясы қайтуға куәлігі бойынша келген азаматтарды тіркеу жоғалтқан құжаттарын кейіннен қалпына келтіре отырып уақытша жеке куәлік бойынша жасалады, бұл ретте шығу парағы т а л а п е т і л м е й д і .

10. Он алтыға толмаған балаларды тіркеу жалпы негізде жүзеге асырылады. Балаларды тіркеуге құжаттарды олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері б е р е д і .

Балалар мекемелерінде (балалар үйлерінде, мектеп интернаттарда, арнайы мектептерде, училищелерде) тұратын балалар, егер олар ата-аналарының (қорғаншылары мен қамқоршылары) тіркелген жері бойынша тіркелмеген болса, осы мекемелер мен оқу орындарының мекен-жайлары бойынша аумақтық әділет органдарында осы мекемелердің әкімшілері тіркейді. Балалардың туу туралы

куәліктері болмаған кезде балалар мекемелерінің әкімшілігі оларға белгіленген тәртіппен АХАЖ органдарында туу туралы куәліктерін алу тиіс, содан кейін оларға тіркеу жасалады.

11. Жатақханаларда, қонақ үйлерде, демалыс орындарында, санаторийлерде, шипажайларда, емдеу мекемелерінде, интернат-үйлерде және басқа да осыған ұқсас мекемелерде тұратын азаматтарды осы мекемелердің әкімшілігінің қолдау хатымен көрсетілген мекемелердің тұратын мекенжайы бойынша аумақтық әділет органдарында тіркейді.

Жеке басын куәландыратын құжаттары және тұрақты тұратын жері болмаған әлеуметтік бейімделу орталықтарында тұратын адамдар осы мекемелердің мекенжайы бойынша тіркеледі.

12. Аудандық бөліністері бар қаланың ішінде тіркелген орнын ауыстырған азаматтарды тіркеуді жаңа тіркелген мекенжайы бойынша сонымен бірге азаматтарды тіркеу кітабындағы бұрынғы тіркелген жерінен шығу туралы мөртабан қоя отырып, есептен шығаруды жүзеге асырады. Бұл ретте бір мекенжайдан кету парағы және екі мекенжайға келу парағы толтырылады. Мекенжайға келу парағының бір данасы - мекенжай бюросына, екіншісі - жергілікті әділет органының картотекасына жіберіледі. Мекенжайдан кету парағы бұрынғы тіркелген жері бойынша аумақтық әділет органына мекенжай картотекасына енгізу үшін жіберіледі.

13. Ескі үлгідегі жеке куәлік бойынша бір мезгілде тіркеумен, облыс, қала, аудан ішінде заңды мекенжай ауыстыру кезінде, формулярды толтыруда толық (қала, аудан, көше, үй, пәтер) заңды мекенжай жазылу жүзеге асырылады.

Азаматтарға жаңа жеке куәлікті берген кезде бір мезгілде (жоғалтуына, тіркелген жерін ауыстыруына, бүлінгеннің орнын қалпына келтіруге, белгіленген деректердің өзгеруіне, және тағы басқаларға байланысты) азаматтарды тіркеу кітабына бұрынғы тіркелген күнін көрсете отырып, қайтадан алған жеке куәлігі туралы мәліметтер енгізіледі. Бұл ретте екі мекенжайға келу парағы толтырылады. Бастапқы мекенжайы мен бастапқы тіркелген жері өзгертілмеген жаңа құжатының деректерін көрсете отырып, мекенжайға келу парағының біреуін мекенжай бюросына, келу парағының екінші данасы жергілікті әділет органының картотекасында қалады.

14. Үш ай мерзімнен асатын мерзімге уақытша тұруға, қонаққа, іссапарға, жұмысқа, оқуға, тағылымдамаға, емделуге келген Қазақстан Республикасының азаматтары уақытша әскери есепке тұрып, бұрынғы жерінен тіркеуден шығарылмай-ақ, жалпыға ортақ тәртіппен уақытша тұратын жері бойынша бір жыл мерзімге дейін тіркеледі.

Келу парақтарына және азаматтарды тіркеу кітабына 7-қосымшадағы нысанға сәйкес, уақытша тіркеудің мерзімі көрсетіліп уақытша тіркеудің мөртаңбасы

қойылады. Қызметтік міндеттері ұзақ мерзімге тұрақты тұратын жерінен тыс жерде ұзақ тұруға (бір жылдан артық) байланысты адамдар әскери есепке тұрып, бұрынғы тұратын жерінен тіркеуден шығарылмай-ақ барлық мерзімге ескеріледі. Уақытша есепте тұратын адамдар тұрғын үй иесінің жазбаша келісімі бойынша белгіленген тәртіппен олар бұрынғы тұратын жері бойынша тіркеуден шығарыла отырып, тұрақты тұратындар секілді тіркелуі мүмкін.

15. Тұрғылықты жерге тіркелу үшін Салық кодексінде белгіленген мөлшерде мемлекеттік бажа алынады.

16. Тіркеу жөніндегі материалдар әділет органдарында жеке номенклатуралық іске қалыптастырылады.

17. Азаматтар тіркеуден шығу үшін мынадай құжаттар ұсынады: еркін нысандағы өтініш; Егер тұрғын үй иесі кәмелетке толмаған бала болса, тіркеу туралы жазбаша өтінішті оның заңды өкілдері береді; азаматтарды тіркеу кітабы (ол болмаған кезде – мекенжай анықтамасы. Мекенжай бюросында мәліметтер жоқ болған жағдайда, аумақтық әділет органының мекенжай картотекасында бар мекенжайға келу парағының телнұсқасы облыстық, қалалық мекенжай бюросына жолданады); жеке куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі (он алтыға дейінгі балалар - туу туралы куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі). Құжаттың түпнұсқасы тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін – құжатты қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырады.

Бұл ретте 8-қосымшадағы нысанға сәйкес, тіркеуден шығару туралы мөртаңбамен куәландырылатын үш мекенжайдан кету парағы толтырылады. Азаматтарға жаңа тұратын жері бойынша тіркеу кезінде ұсынуға берілетін мекенжайдан кету парағының біреуі тіркеуден шығару туралы мөртаңбамен куәландырылады, екіншісі - мекенжай бюросына жіберіледі, үшіншісі - жергілікті әділет органының мекенжай картотекасына енгізіледі.

Әскери міндеттілер, бұдан басқа әскери билетінің көшірмесін (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәлігін) немесе әскери есептен шығарылғаны туралы әскери басқарманың жергілікті органының белгісі бар тіркеу куәлігі (әскерге шақырылғандар үшін). Құжаттардан азаматтың анықтама деректері мен әскери есептен шығарылғаны туралы белгіні қамтитын беттерінің көшірмесі алынады. Құжаттың түпнұсқасы тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін - құжатты қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырады.

18. Шетелге тұрақты тұруға кететін адамдарды тіркеуден шығару үшін, жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа азаматтар ішкі істер органдарынан

Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұруға кетуге рұқсаты туралы анықтаманы ұсынады. Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұруға кететін азаматтарды тіркеуден шығарған кезде әділет органдары олардың жеке куәліктерін алып қояды және Әділет органдарында Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер ресімдеу және беру жөніндегі Нұсқаулықтың (бұдан әрі - Нұсқаулық) 49-тармағымен белгіленген тәртіппен жояды, және паспорттық елтаңбалық мөрмен куәландырылған тіркеуден шығарылғаны туралы мөртаңбасы бар кету парағы беріледі. Осыдан кейін азаматтарға Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге рұқсат туралы белгіні (мөртаңба, мөр) паспорттарына қою үшін ішкі істер органына өтініш жасау қажеттігі түсіндіріледі.

19. Кәмелет жасқа толмаған балаларды тіркеуден шығару жалпы тәртіппен жүзеге асырылады. Балаларды тіркеуден шығаруға өтініштерді олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері береді.

20. Тіркеуден шығару жеке меншік құқығында тұрғын-жай иесінің бастамасы бойынша тіркеуден шығарылып жатқан адамның жеке өтінішінсіз және жеке куәлігінсіз ресімделуі мүмкін. Мұндай жағдайда тұрғын үй иесінің өтініші, тұрғын үй құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі (түпнұсқасы тексерілген соң иесіне қайтарылады, көшірмесін - құжатты қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері белгіленген тәртіппен куәландырады және іске тігіп қояды), сондай-ақ үш данадағы мекенжайдан кету парағы ұсынылады. Ресімделген мекенжайдан кету парағының біреуі мекенжай бюросына жіберіледі, екіншісі - тіркеуден шығарылған адамға тапсыру үшін тұрғын үй-жайдың иесіне беріледі, ал үшіншісі - жергілікті әділет органының картотекасына енгізіледі. Тұрғын жай иесінің бастамасымен әскери міндетті азамат тіркеу есебінен шығарылған кезде тіркелген жері бойынша әскери басқарманың жергілікті органына ол туралы жазбаша хабарлайды.

21. Бостандығынан айрылған сотталған адамдарды тіркеуден шығаруды, егер олар қамауда болса үкім заңды күшіне енген соң жасайды. Бұл ретте бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тіркеуден шығару үшін қамауда ұстап отырған жердің әкімшілігі үш данада мекенжайдан кету парағын толтырады. Кету парағының біреуі тұрақты тұратын жері бойынша әділет органына жіберіледі, екіншісі мекенжай бюросына, үшіншісі - сотталған адамның жеке ісіне тігіледі.

Бостандығынан айырмай сот үкімімен сотталған азаматтардың тұратын жері бойынша тіркеуден шығару қамау карточкасын берген қылмыстық-атқару жүйесі органының рұқсаты бойынша жасалады.

22. Қайтыс болғандарды тіркеуден шығару растайтын құжаттар ұсынған кезде, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан келіп түскен құжаттардың,

туысқандарының өтінішінің негізінде жасалады. Бұл ретте жеке куәліктері мен паспорттары екі данада мекен-жайдан кету парағын толтыра отырып, Нұсқаулықтың 49-тармағында белгіленген тәртіппен жойылады. Мекенжайдан кету парағының бір данасы мекенжай бюросына жіберіледі, екіншісі - жергілікті әділет органының картотекасына тігіледі. Егер қайтыс болған адам басқа әділет органында тіркелген жағдайда кету парағы тіркелген жері бойынша жіберіледі.

23. Мекенжай парақтары мен статистикалық есепке алу талондары күлгін, көк немесе қара сиямен (пастамен) анық етіп, барлық сұрақтарға жеке басты куәландыратын құжаттарға сәйкес толық жауап бере отырып толтырылады.

Кейіннен статистикалық органдарға жіберілетін мекенжайға келу парақтарына статистикалық есепке алу талондары тұрақты тұруға келген адамдарды, сондай-ақ бір елді мекеннен екінші елді мекенге келген адамдарды, бір қаланың шегінде бір ауданнан екінші ауданға ауысқан адамдарды тіркеген кезінде жасалады. Мекенжайдан кету парағына 9-қосымшадағы нысанға сәйкес, азаматтардың республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезінде т о л т ы р ы л а д ы .

24. Тіркеу және тіркеуден шығару тұрғын үй меншік иесінің (жалға алушының) және қарамағында ғимараттары мен үй-жайлары бар өзге де адам беретін азаматтарды тіркеу кітабында тиісті мөртаңба және жазба қою арқылы ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

25. Азаматтарды тіркеу кітабы жеке тұлғаның тұрақты тіркелген жерін растайтын құжат болып табылады.

Азаматтарды тіркеу кітабы берілер алдында әділет органының халықты құжаттандыру және тіркеудің паспорттық елтаңбалық мөрімен және уәкілетті қызметкердің қолымен куәландырылады. Азаматтарды тіркеу кітабына мынадай мәліметтер е н г і з і л е д і :

бірінші бетіне - елді мекеннің, ауданның, облыстың, көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, азаматтарды тіркеу кітабын ресімдеген әділет органы, азаматтарды тіркеу кітабының басталу және аяқталу күні;

екінші және үшінші бетте - тұрғын үй иелері туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты), үйдің сипаттамасы (үй, пәтер, жалпы ауданы, пайдалы ауданы, мекен-жайы), тұрғын үйге иелік ету құқығы құжатының түрі, нөмірі және берген кү н і ;

төртінші және кейінгі беттері - азаматтарды тіркеу не тіркеу есебінен шығару туралы мәліметтер (тіркелетін азаматтың реттік нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жеке басын куәландыратын құжатының (балалардың туу туралы куәлігінің) нөмірі мен берілген күні, тиісті мөртаңба қою арқылы және оларды ресімдеген күнін көрсетіп тіркеуді ресімдегені, тіркеуден шығарғаны туралы б е л г і л е р і) ;

соңғы бетінде мөрмен бекітілген және уәкілетті қызметкердің қолымен куәландырылған нөмірленген парақтардың саны көрсетіледі.

26. Тұратын жері бойынша тіркелген, алайда азаматтарды тіркеу кітабы жоқ азаматтар оны алу үшін мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі (кәмелетке толмаған балалар үшін - туу туралы куәлігі). Құжаттың түпнұсқасы тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін - құжатты қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырады;

азаматтың тіркелген жерін растайтын мекенжай бюросынан анықтама (немесе аумақтық әділет органының мекен-жай картотекасының мәліметі);

тұрғын үй құжатының түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқа тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін-құжатты қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырады) азаматтарды тіркеу кітабына төлегендігі туралы түбіртек.

27. Тұрғындарды есепке алу кітабын азаматтарды тіркеу кітабына ауыстыру үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі (кәмелет жасқа толмаған балалар үшін - туу туралы куәлігі). Құжаттың түпнұсқасы тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін - құжатты қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырады;

тұрғын-жай құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі. Құжаттың түпнұсқасы тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін - құжатты қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіппен куәландырады;

тұрғындарды есепке алу кітабы;

азаматтарды тіркеу кітабына төлегендігі туралы түбіртек;

тұрғындарды есепке алу кітабындағы мәліметтер азаматтарды тіркеу кітабына ауыстырылады. Тұрғындарды есепке алу кітабы ондағы азаматтарды тіркеу туралы мәліметтерді азаматтарды тіркеу кітабына ауыстырылған соң азаматтарды тіркеу туралы мәлімет қамтылған беттерге "өтелді" деген белгі қойылып иесіне қайтарылады.

Жоғалған немесе пайдалануға болмайтын жағдайларда (бүлінуі, ескіріп кетуі) азаматтарды тіркеу кітабы иесінің жазбаша өтініші бойынша әрі қарай пайдалануға болмайтын себептерін көрсете отырып, "қайтадан берілді" деген белгісі бар жаңа азаматтарды тіркеу кітабы беріледі.

28. Аумақтық әділет органдарына тапсырылған кітаптар жарамсыздығына

байланысты белгіленген тәртіппен акті жасай отырып, әділет органының ішкі тексеру комиссиясымен жойылады. Бұл ретте осы азаматтарды тіркеу кітабын беруді есепке алу журналында 10-қосымшадағы нысанға сәйкес, "ескертпе" деген бағанда осы азаматтарды тіркеу кітабының жарамсыз екендігі туралы жасалған актінің нөмірі мен оны жасаған күнін көрсете отырып белгі қойылады. Жарамсыз азаматтарды тіркеу кітаптарын жою туралы актілер үш жыл бойы с а қ т а л а д ы .

29. Азаматтарды тіркеу кітабы жойылған немесе ауыстырылғанда азаматтарды тіркеу кітабын беруді есепке алу журналындағы "ескертпе" деген бағанда жоғалған немесе ауыстырылған азаматтарды тіркеу кітабының жарамсыздығы туралы жаңа азаматтарды тіркеу кітабын алу туралы тұрғын үй иесінің өтініш берген күнін көрсете отырып белгі қойылады.

Егер азаматтарды тіркеу кітабының барлық беттері толып қалса, тұрғын үй иесіне "жалғасы" деген белгісі бар жаңа азаматтарды тіркеу кітабы беріледі. Бұл ретте бұрынғы беттері толтырылған азаматтарды тіркеу кітабы иесінде қалады.

30. Мекенжай картотекасына қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қоғамнан оқшауламай жазалауға сотталған адамдардың қарауыл карточкасын енгізген кезде мекенжайға келу парақтарында жоғары оң жақ бұрышында "бас бостандығынан айырмай сотталған" деген белгі қойылады.

Мекенжай картотекасынан қарауыл карточкасын алу қылмыстық-атқару жүйесі органынан сотталғанның қылмыстық жазаны өтегені туралы хабарламасы алынған соң ғана жүзеге асырылады.

31. Құжаттарды қабылдаған халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері барлық құжаттар мен анықтаманың көшірмелерін міндетті түрде түпнұсқасымен салыстырып тексереді, осыдан кейін құжаттар көшірмесіне «Көшірмесі дұрыс» жазбасын қояды, паспорттық елтаңбалы мөрмен және тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тексеруді жүргізген қызметкердің қолымен куәландырылады.

2. «Халықты құжаттандыру және тіркеу» Тіркеу орны» ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу ерекшелігі

32. «Халықты құжаттандыру және тіркеу» Тіркеу орны» (бұдан әрі- ХҚТ ТО) ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі бойынша, оның аумағында тұрақты тұратындарды тіркеуді халықты құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері өтініш берген күні жүргізеді.

33. ХҚТ ТО ақпараттық жүйесінде он алтыға толмаған балаларды тіркеу туу

туралы куәліктерінде ЖСН болғанда жүзеге асырылады. Балаларды тіркеуге құжаттарды олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері береді.

34. Азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу үшін:

тұрғын үй иесінің жеке куәлігі көшірмесімен тұрғын үйге тіркеу туралы үй иесінің жазбаша келісімі. Тұрғын үй иесі кәмелетке толмаған бала болған жағдайда, тіркеу туралы жазбаша өтінішті оның заңды өкілдері береді;

тұрғын үй құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексерілген соң иесіне қайтарылады, көшірмесін құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіпте к у ә л а н д ы р а д ы ;

азаматтарды тіркеу кітабы (ол болмаған кезде азаматтарды тіркеу кітабы тіркеуге тұрғын үй иесінің жазбаша келісім беруімен бір мезгілде жүргізіледі);

бұрынғы тіркелген жерінен мекенжайдан кету парағы;

жеке куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі (он алты жасқа дейінгі балалар – ЖСН бар туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі); Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілген кейін иесіне қайтарылады, көшірмесін құжаттандыру және тіркеу уәкілетті қызметкерлері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіпте куәландырады және тексеру материалына қосады;

әскери міндеттілер, әскери билетінің түпнұсқасы мен көшірмесі (әскери билеттің орнына берілген уақытша куәлігін) немесе әскери есепке қабылдағаны туралы әскери басқарманың жергілікті органының белгісі бар тіркеу куәлігін (әскерге шақырылғандар үшін) ұсынады. Құжаттардан азаматтың анықтайтын деректері мен әскери есепке қабылданған туралы белгіні қамтитын беттерінің көшірмесі алынады. Құжаттың түпнұсқасы тексеріліп болған соң иесіне қайтарылады, көшірмесін құжаттарды қабылдаған құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері осы Ереженің 30-тармағында белгіленген тәртіпте к у ә л а н д ы р а д ы ;

мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртек алынады.

35. Бірыңғай ақпараттық деректер базасынан оның жеке басын сәйкестендіру, азаматтар ұсынған жеке басты куәландыратын құжаттар немесе ЖСН бар туу туралы куәлік бойынша жүргізіледі. Бірыңғай ақпараттық деректер базасында ұсынылған құжаттармен азаматтардың деректерін салыстыру жүргізілгеннен кейін, заңды мекенжайды ауыстыру өтінімі тіркеледі.

Өтінімді тіркеу кезінде халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлермен өтінімді тіркеу талоны басылып шығарылады.

Заңды мекенжайын ауыстыруда тіркеуді толтыру формасын ашу тіркеу өтініміндегі талон нөмірін салыстырып оқу (кіру) жолымен жүргізіледі.

Электронды өтінімде тіркеу себебін сондай-ақ, тұратын жерінің мекенжайы тұрғын үй құқығын белгілейтін құжаттарға сәйкес көрсетуі қажет. Барлық

жолдар толтырылып болғаннан кейін, азамат енгізілген деректердің дұрыстығын тексереді. Қате байқалған жағдайда халықты құжаттандыру және тіркеудің уәкілетті қызметкерлері түзетулер енгізеді.

Азамат енгізілген мәліметтің дұрыстығын растағаннан кейін, бірыңғай ақпараттық деректер базасына жөнелту жүргізіледі.

Электронды ақпарат ұстағышы бар жеке куәлік ұсынған кезде микрожүйеге (чип) мекенжай ақпаратын қайта жазу жүргізіледі.

36. Тіркеуден кейін, кейіннен тіркеу мөртабаны қойылатын, паспортты елтаңбалы мөрмен куәландырылған екі мекенжайға келу парағы басылып шығарылады және мекенжайға келу парағына статистикалық есепке алу талоны толтырылады. Келу парағының біреуі жергілікті әділет органының мекенжай картотекасына орналастырылады, екіншісі мекенжай бюросына жолданады.

37. Қазақстан Республикасы аумағында заңды мекенжайын ауыстыруды тіркеу ХҚТ ТО ақпараттық жүйесінде жаңа мекенжайға бұрынғы тіркелген жерінен автоматты түрде шығарумен жүзеге асырылады.

38. Бірыңғай ақпараттық деректер базасында және жеке куәліктегі заңды мекенжай арасында алшақтық байқалса, заңды мекенжайды жазу азаматтарды тіркеу кітабында көрсетілген мекенжайға сәйкес жүргізіледі.

39. ХҚТ ТО ақпараттық жүйесінде азаматтарға: егер тіркеудің жаңа мекенжайына сәйкес келмейтін жеке куәлігінде заңды мекенжайы толық көрсетілсе (қала, аудан, көше, үй, пәтер), және жеке куәлік а у ы с т ы р ы л у ғ а ж а т с а ;

негізгі заңды мекенжайынан тіркеуден шықпай уақытша тұру орны бойынша; жаңа жеке куәлік беру кезінде (жоғалған, заңды мекенжай ауыстырған, қолдануға одан әрі жарамайтын, бүлінгенге байланысты қалпына келтірілген, анықтамалық деректері ауысқан, қолдану мерзімі аяқталған құжаттар) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ азаматтар, уақытша жеке куәлік бойынша;

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты бойынша тіркеу жүргізілмейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
т і р к е л г е н ж әне т і р к е у д е н
ш ы ғ а р ы л ғ а н а з а м а т т а р ы н
е с е п к е а л у Е р е ж е с і н е

1-қосымша
нысан

К і м г е :

(әділет органының атауы)

Тіркеуге келісім беру

Мен, _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ мекенжайда орналасқан үйдің иесі
(елді мекен, көше, үй №, пәтер №)

Азамат(ша) _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ бірге
(күйеуі, әйелі, балалары)

барлығы _____ адам
_____ тіркеуге қоюға қарсы емеспін
(тұрақты, уақытша қай мерзімге)

_____ (облыс, (ел)
_____ келді

_____ аудан, қала, елді мекен, ауыл атауы)

« ____ » _____ жылғы жеке куәлік, паспорт № _____

тіркелушінің қолы _____

үй иесінің қолы _____ тегі _____

_____ (үй иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың № және
берілген күні, айы, жылы)

20 __ ж. « ____ » _____

Қазақстан Республикасының
тіркелген және тіркеуден шығарылған
азаматтарын есепке алу Ережесіне

2-қосымша

нысан

_____ елді мекеннің аты / населенный пункт

_____ облысы, ауданы / область, район

Қазақстан Республикасының
тіркелген және тіркеуден шығарылған
азаматтарын есепке алу Ережесіне
3 қосымша
нысан

МЕКЕНЖАЙДАН КЕТУ ПАРАҒЫ

1. Тегі _____
2. Аты _____
3. Әкесінің аты _____
4. Туған күні _____
5. Туған Обл. (Елі) _____
Жері Ауданы _____

_____ Қаласы (қтк) _____
Ауылы _____

6. Жынысы _____
7. Мекен-жайы Обл. (Страна) _____

б - ш а т і р к е л г е н

Ауданы _____
Қаласы (қтк) _____
Ауылы _____

_____ Көшесі _____
Үйі _____ Корп. _____ Пәтер _____

8. Қайда Обл. (Елі) _____
кетті Ауданы _____

_____ Қаласы (қтк) _____
Ауылы _____

Сол елді мекеннен көшесінен көшіп кетті _____
Үй N _____ Корп. _____ Пәт. _____
Тегін, атын, әкесінің атын өзгертті _____

бұрынғы деректерді көрсету

Басқа себептер _____

_____ (кету парағының сыртқы беті)

9. Келу мақсаты _____
жұмысқа, оқуға, тұруға және т.б.

_____ және қандай мерзімге

10. Жеке куәлігінің N _____

" _____ " _____ 20 _____ ж., берілді _____

" _____ " _____ 20 _____ ж. _____

әділет органының уәкілетті қызметкерінің қолы

М.О.

Қазақстан Республикасының

тіркелген және тіркеуден шығарылған

азаматтарын есепке алу Ережесіне

4-қосымша

нысан

МЕКЕНЖАЙҒА КЕЛУ ПАРАҒЫ

1. Тегі _____

2. Аты _____

3. Әкесінің аты _____

4. Туған күні _____

5. Туған Обл. (Елі) _____

жері Ауданы _____

_____ | _____ Қаласы (қтк) _____

Село (ауыл) _____

6. Жынысы _____

7. Мекен-жайы Обл. (Страна) _____

б-ша тіркеледі Ауданы _____

Қаласы (қтк) _____

Село (ауыл) _____

_____ | _____ Көшесі _____

Үйі _____ Корп. _____ Пәтер _____

8. Қайдан Обл. (Елі) _____

және ауданы _____
қашан келді қаласы (қтк) _____

_____ село (ауыл) _____

Сол елді мекеннен көшесінен көшіп кетті _____

Үй N _____ Корп. _____ Пәт. _____

Тегін, атын, әкесінің атын өзгертті _____

_____ бұрынғы деректерді көрсету

Басқа себептер _____

_____ (келу парағының сыртқы беті)

9. Келу мақсаты _____
жұмысқа, оқуға, тұруға және т.б.

_____ және қандай мерзімге

10. Жеке куәлігінің N _____ от

" _____ " _____ 20 _____ ж., берілді _____

" _____ " _____ 20 _____ ж. _____

әділет органы қызметкерінің қолы

М.О.

Қазақстан Республикасының
тіркелген және тіркеуден шығарылған
азаматтарын есепке алу Ережесіне
5-қосымша
нысан

Тұрғылықты жері бойынша тіркеу мөртаңбасы

_____ ОБЛЫСЫ	ӘДІЛЕТ
ДЕПАРТАМЕНТІ	
_____ ауданы Т І Р К Е Л Д І	
ЗАРЕГИСТРИРОВАН	
" _____ " _____ 20 _____ ж.	

(тегі қолы фамилия подпись)	

Қазақстан Республикасының
тіркелген және тіркеуден шығарылған

азаматтарын есепке алу Ережесіне
6-қосымша
нысан

МЕКЕНЖАЙҒА КЕЛУ ПАРАҒЫНА СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕП ТАЛОНЫ

Талонды толтырған адамның аты-жөні _____

Азаматтығы _____

	Келген жері	Қайдан келді
Елі	Қазақстан Республикасы	
Облысы/қаласы		
Ауданы/қаласы		
Қаласы, аудандық бөлімшесі/әкімшілік аймағы		
Кенті/ауылы		

Толтыруына жауапты адамды қоса, отбасының барлық мүшелеріне толтырылады.

Келгендер саны, барлығы _____, оның ішінде 16 жасқа дейінгі балалар

Аты	Жынысы	Туған айы	Туған жылы	Ұлты	Бағанның коды					
					А	Б	В	Г	Д	Е

А - Қоғамдық категория
Б - Келу мақсаты
В - Білім деңгейі
Г - Білімі бойынша мамандығы
Д - Некеде тұруы

Е - Мәртебесі (республикадан тыс жерлерден келгендерге ғана)

Тіркеу күні 20__ жылғы "____" _____

Толтыруына жауапты _____

/қолы/

Мәліметтерді тексеріп тіркеуді ресімдеген _____

/қолы/

сыртқы беті

КЕЛУ СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛОНЫН ТОЛТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

"Аты-жөні", "Азаматтығы", "Келген жері", "Қайдан келді" жолдарында отбасының барлық мүшелерін енгізуіне жауапты адамның деректері жазылады. Қалған сұрақтар барлық келгендерге (толтыруына жауапты адамға да) қойылады. А, Б, В, Г, Д, Е бағандарда тиісті кодтар қойылады:

А)	Қ о ғ а м д ы қ	к а т е г о р и я :	
	Жалданушы жұмысшылар (еңбек шарты/келісімі бойынша жұмыс ж а с а ғ а н д а р)	1	
	Жұмыс берушілер (жалданушы жұмысшыларды жалдайтын ж ұ м ы с ш ы л а р)	2	
	Өз есебінен жұмыс жасайтындар (жеке еңбек)	3	
	Ж ұ м ы с с ы з д а р	4	
	Басқалар (зейнеткерлер, студенттер, оқушылар, үй шаруасындағы әйелдер, басқалар)	5	
Б)	Келу мақсаты (тұрғылықты жерін ауыстыру себебі):		
	Т ұ р а қ т ы т ұ р у ғ а	1	
	Еңбек келісімі бойынша	2	
	Оқуына байланысты	3	
	Басқа	4	
В)	Б і л і м	д е ң г е й і :	
	Ж о ғ а р ы	1	
	Аяқталмаған жоғары	2	
	О р т а а р н а й ы	3	
	О р т а ж а л п ы	4	
	Толық емес орта	5	
Г)	Б і л і м і	б о й ы н ш а	м а м а н д ы ғ ы :
	Сәулетті-құрылыстық		1
	М е д и ц и н а л ы қ		2
	П е д а г о г и к а л ы қ		3
	Т е х н о л о г и я л ы қ		4
	Э к о н о м и к а л ы қ		5

З а ң д ы қ		6	
А у ы л ш а р у а ш ы л ы қ		7	
Б а с қ а	8		
Д)	Н е к е д е	т ұ р у ы :	
	Е ш қ а ш а н н е к е қ ұ р м а ғ а н	1	
	Н е к е д е т ұ р м ы н	2	
	Ж е с і р	3	
	А ж ы р а с қ а н	4	
Е) К е л г е н д е р д і ң м ә р т е б е с і : (р е с п у б л и к а д а н т ы с ж е р л е р д е н к е л г е н д е р ғ а н а		т о л т ы р а д ы)	
	Б о с қ ы н	1	
	Р е п а т р и а н т - б о с қ ы н	2	
	К ө ш і п к е л у ш і	3	
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң			
т і р к е л г е н	ж ә н е	т і р к е у д е н	ш ы ғ а р ы л ғ а н
а з а м а т т а р ы н	е с е п к е	а л у	Е р е ж е с і н е
7-қ о с ы м ш а			
н ы с а н			

Уақытша тіркеу мөртаңбасы

_____	ОБЛЫСЫ	_____	ӘДІЛЕТ
ДЕПАРТАМЕНТІ	_____ ауданы	УАҚЫТША	ТІРКЕЛДІ
"__" "_____"	20__ж.		дейін.
			көшесі
_____		пәтер _____	
үйі _____			
"__" "_____"	20__ж.		
(қолы)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
т і р к е л г е н ж ә н е т і р к е у д е н ш ы ғ а р ы л ғ а н
а з а м а т т а р ы н е с е п к е а л у Е р е ж е с і н е
8-қ о с ы м ш а
н ы с а н

Тіркеуден шығару мөртаңбасы

_____	ОБЛЫСЫ	_____	ӘДІЛЕТ	_____	ДЕПАРТАМЕНТІ
_____	_____ ауданы	_____	ТІРКЕУДЕН	_____	ШЫҒАРЫЛДЫ
СНЯТ	С				РЕГИСТРАЦИИ

" ___ " _____ 20__ ж.

тегі қолы/фамилия, подпись

Қазақстан Республикасының
тіркелген және тіркеуден шығарылған
азаматтарын есепке алу Ережесіне
9-қосымша
нысан

МЕКЕНЖАЙҒА КЕТУ ПАРАҒЫНА СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕП ТАЛОНЫ

Талонды толтырған адамның аты-жөні _____

Азаматтығы _____

	Келген жері	Қайдан келді
Елі	Қазақстан Республикасы	
Облысы/қаласы		
Ауданы/қаласы		
Қаласы, аудандық бөлімшесі/әкімшілік аймағы		
Кенті/ауылы		

Толтыруына жауапты адамды қоса, отбасының барлық мүшелеріне толтырылады.

Келгендер саны, барлығы _____, оның ішінде 16 жасқа дейінгі балалар _____

Аты	Жынысы	Туған айы	Туған жылы	Ұлты	Бағанның коды					
					А	Б	В	Г	Д	Е

А - Қоғамдық категория
Б - Келу мақсаты

В - Білім деңгейі
Г - Білімі бойынша мамандығы

Д - Некеде тұруы

Тіркеу күні 20__ жылғы " _____ " _____

Толтыруына жауапты _____
/қолы/

Мәліметтерді тексеріп тіркеуді ресімдеген _____
/қолы/

сыртқы беті

КЕТУ СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛОНЫН ТОЛТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

"Аты-жөні", "Азаматтығы", "Келген жері", "Қайдан келді" жолдарында отбасының барлық мүшелерін енгізуіне жауапты адамның деректері жазылады. Қалған сұрақтар барлық келгендерге (толтыруына жауапты адамға да) қойылады. А, Б, В, Г, Д, Е бағандарда тиісті кодтар қойылады:

- А) Қоғамдық категория:
- | | |
|--|---|
| Жалданушы жұмысшылар (еңбек шарты/келісімі бойынша жұмыс жасағандар) | 1 |
| Жұмыс берушілер (жалданушы жұмысшыларды жалдайтын жұмысшылар) | 2 |
| Өз есебінен жұмыс жасайтындар (жеке еңбек) | 3 |
| Жұмыссыздар | 4 |
| Басқалар (зейнеткерлер, студенттер, оқушылар, үй шаруасындағы әйелдер, басқалар) | 5 |
- Б) Кету мақсаты (тұрғылықты жерін ауыстыру себебі):
- | | |
|------------------------|---|
| Тұрақты тұруға | 1 |
| Еңбек келісімі бойынша | 2 |
| Оқуына байланысты | 3 |
| Басқа | 4 |
- В) Білім деңгейі:
- | | |
|--------------------|---|
| Жоғары | 1 |
| Аяқталмаған жоғары | 2 |
| Орта арнайы | 3 |
| Орта жалпы | 4 |
| Толық емес орта | 5 |
- Г) Білімі бойынша мамандығы:
- | | |
|---------------------|---|
| Сәулетті-құрылыстық | 1 |
|---------------------|---|

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы № 74 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 18 маусымдағы № 160 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3683 тіркелген, 2005 жылғы 28 шілдедегі № 136 «Заң газетіне» жарияланған).

3. «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы № 74 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 24 шілдедегі № 199 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4322 тіркелген, 2006 жылғы 22 қыркүйектегі № 170 (976) «Заң газетіне» жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы № 74 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы № 338 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4528 тіркелген, 2007 жылғы 2 ақпандағы «Заң газетінің» № 17 (1046) жарияланған).

5. «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы № 74 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 9 ақпандағы № 45 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4557 тіркелген, 2007 жылғы 13 наурыздағы «Заң газетінің» № 38 (1067) жарияланған).

6. Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы № 74 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008 жылғы 27 ақпандағы № 51 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5280 тіркелген, 2008 жылғы 19 қыркүйектегі № 143 «Заң газетіне» жарияланған).